LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# ПЛАЗМАЛЫҚ ТЕЛЕДИДАР

Құрылғыны қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

PA45**
PA49**
PA55**
PA65**

www.lg.com

# ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Қолдау көрсетілетін лицензиялар үлгілерге қарай әр түрлі болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты *www.lg.com* торабынан қараңыз.

Dolby Laboratories лицензиясымен өндірілген. «Dolby» және қос D таңбасы — Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері.

HDMI, HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface — HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

DIVX БЕЙНЕСІ ТУРАЛЫ: DivX® — Rovi корпорациясының еншілесі, DivX, LLC компаниясы жасаған сандық бейне пішімі. Бұл – DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Қосымша ақпаратты және файлдарды DivX бейнесіне түрлендіретін бағдарламалық құралды алу үшін, divx.com торабына өтіңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: сатып алынған DivX Video-on-Demand (талап бойынша бейне) (VOD) фильмдерін ойнату үшін бұл DivX Certified® құрылғысын тіркеу керек. Тіркеу кодын алу үшін, құрылғының параметрлерін орнату мәзірінен DivX VOD бөлімін табыңыз. Тіркелуді аяқтау жолы туралы толық ақпаратты vod.divx.com торабынан қараңыз.

«DivX Certified® HD 1080p, соның ішінде жоғары сапалы мазмұнды DivX® бейнелерін ойнатуға арналған.»

«DivX®, DivX Certified® және олардың логотиптері — Rovi Corporation мен оның еншілес компанияларының сауда белгілері, олар лицензия бойынша пайдаланылады.»

Келесі АҚШ патенттерінің біреуі не бірнешеуі қамтыған.
7,295,673; 7,460,668; 7,515,710; 7,519,274

ЕСКЕРТПЕ

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.
- Теледидарыңыздың экрандық мәзірі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен сәл өзгешелеу болуы мүмкін.

# МАЗМҰНЫ


## 2 ЛИЦЕНЗИЯЛАР

## 6 ОРНАТУ ІС РӘСІМІ

## 6 ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

6 Орамасынан шығару
10 Бөлек сатылады
10 Бөлшектер мен түймелер
13 Теледидарды көтеру және жылжыту
14 Теледидардың параметрлерін орнату
14 - Тіректі тағу
16 - Үстелге орнату
17 - Қабырғаға орнату
18 - Кабельдерді жинау

## 19 ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

## 21 ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

21 Антеннаны жалғау
21 Теледидарды бірінші рет қосу
22 Теледидар қарау
22 Бағдарламаларды реттеу
22 - Бағдарламаны автоматты түрде орнату
24 - Кабельдік DTV параметрлері (Тек Кабель режимінде)
24 - Бағдарламаны қолмен орнату (сандық режимде)
25 - Бағдарламаны қолмен орнату (аналог режимінде)
25 - Бағдарламалар тізімін өзгерту
27 - CI [Жалпы интерфейс] ақпараты
28 - Бағдарламалар тізімін таңдау
29 ЭБН (Электрондық бағдарлама нұсқаулығы) (сандық режимде)
29 - ЭБН-ды қосу/өшіру
29 - Бағдарламаны таңдау (ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі)
30 - ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі
30 - 8 күндік нұсқаулық режимі
30 - Күнді ауыстыру режимі
30 - Ашылған сипаттама терезесі
30 - Еске салу параметрлерін орнату режимі
31 - Кесте тізімі режимі
31 Қосымша опцияларды пайдалану
31 - Кадр пішімін реттеу
33 - AV режимдерін өзгерту
33 - Кіріс тізімін пайдалану
34 - Теледидардағы түймелерді құлыптау (ата-аналық құлып)
35 Жылдам өту мәзірін пайдалану
36 Тұтынушы қолдауын пайдалану
36 - Бағдарлама жаңартуын тексеру
37 - Суретті / дыбысты тексеру
37 - Сигнал тексеруді пайдалану
37 - Өнімді немесе қызмет ақпаратын пайдалану

## 38 PENTOUCH

38 Pentouch қаламсабын пайдалану
39 - Pentouch бағдарламасын пайдалану қадамы
39 - Жүйе талаптары
39 - Pentouch бағдарламасын орнату
40 - Pentouch бағдарламасын жою
40 - Сенсорлы қалам мен адаптерді жұптастыру
44 - Pentouch функциясын пайдалану
44 - Pentouch қаламына арналған Дисплей ажыратымдылығының параметрлері
46 Pentouch функцияларын тексеру
47 - Құралдар тақтасын пайдалану
48 - Альбомды пайдалану
50 - Photo Editor (Фотосурет өңдегіші) опциясын пайдалану
52 - Отбасылық күнделікті пайдалану
52 - Gallery (Галерея) опциясын пайдалану
53 - Internet (Интернет) опциясын пайдалану
54 - Менің кеңсем функциясын пайдалану

## 55 ЖЕЛІ ПАРАМЕТРІ

55 - Сымды желіге қосылу
56 - Желі күйі

## 57 ОЙЫН-САУЫҚ

57 - USB жад құрылғысын қосу
58 - Файлдарды шолу
59 - Фильмдер көру
62 - Фотосуреттерді қарау
64 - Музыка тыңдау
66 - DivX® VOD нұсқаулығы

## 67 ТЕЛЕДИДАР ПАРАМЕТРЛЕРІН ТАҢДАУ БОЙЫНША РЕТТЕУ

67 Негізгі мәзірлерге кіру
68 Параметрлерді реттеу
68 - СУРЕТ параметрлері
73 - ДЫБЫС параметрлері
76 - ОРНАТУ параметрлері
77 - УАҚЫТ параметрлері
78 - ҚҰЛЫПТАУ параметрлері
79 - ПАРАМЕТР параметрлері
81 - ЖЕЛІ параметрлері

## 82 БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

83 Байланыстарға шолу
84 HD ресиверіне, DVD ойнатқышына немесе бейнемагнитофонға жалғау
84 - HDMI қосылымы
85 - DVI-HDMI қосылымы
86 - Құрылғы қосылымы
87 - Euro Scart қосылымы
88 - Күрделі қосылым
89 Компьютерге жалғау
89 - HDMI қосылымы, DVI - HDMI қосылымы немесе RGB қосылымы
91 Дыбыс жүйесіне қосылу
91 - Сандық оптикалық дыбыс байланысы
92 USB портына қосу
92 CI модуліне жалғау
93 SIMPLINK қосылымы
93 - SIMPLINK мүмкіндігін белсендіру

## 94 ТЕЛЕМӘТІН

94 Қосу/өшіру
94 Қарапайым мәтін
94 - Бетті таңдау
94 Жоғарғы мәтін
94 - Блокты / топты / бетті таңдау
94 - Бетті тікелей таңдау
95 Жылдам мәтін
95 - Бетті таңдау
95 Арнайы телемәтін функциясы

## 96 САНДЫҚ ТЕЛЕМӘТІН

96 Сандық қызмет ішіндегі телемәтін
96 Сандық қызмет ішіндегі телемәтін

## 97 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

97 Теледидарды тазалау
97 - Экран және жақтау
97 - Түпқойма және тірек
97 - Қуат сымы
98 Теледидар экранындағы «сурет ізі» немесе «зақым» ақауларын болдырмау

## 99 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

## 101 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

## 104 ИҚ КОДТАРЫ

## 105 СЫРТҚЫ БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

105 RS-232C Орнату
105 Қосқыш түрі; D-Sub 9 істікшесі
105 RS-232C теңшелімдері
106 Байланыс параметрлері
106 Пәрмендердің анықтамалық тізімі
107 Протоколды тасымалдау / қабылдау

# ОРНАТУ ІС РӘСІМІ

1 Буманы ашып, барлық жабдықтардың бар екендігін тексеріңіз.

2 Тіректі теледидарға тіркеңіз.


3 Сыртқы құрылғыны теледидарға қосыңыз.

# ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ


## Орамасынан шығару

Өнімнің қорабында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз. Кейбір қосалқы құралдары жетіспесе, өнімді сатып алған жергілікті дилерге хабарласыңыз. Осы нұсқаулықтағы суреттер өнімнің және бірге берілген заттардың нақты түрінен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 42/50PA45**, 50/60PA55**, 50/60PA65**





**Қашықтан басқару құралы, Батареялар (AAA)**(19-бетті қараңыз)



**Пайдаланушы нұсқаулығы, Ықшам дискідегі нұсқаулық**



**Кабель Ұстағышы**(18-бетті қараңыз)





M5 x 16 M4 x 30
**Құрастыру бұрандасы**
(14-беттіқараңыз,15-беттіқараңыз)




**Қуат сымының Ұстағышы**
(18-бетті қараңыз)



**Қуат сымы**



**Қорғау Қақпағы**(15-бетті қараңыз)




**Феррит өзегі**
(үлгіге байланысты)



**Сүртетін шүберек**
(үлгіге байланысты)
Теледидардың сыртындағы дақтарды шүберекпен ақырын сүртіп алыңыз.




**Тірек корпусы(**14-бетті қараңыз)



**Тірек негізі(**14-бетті қараңыз)


Тек 42/50PA49**





**Қашықтан басқару құралы, Батареялар (AAA)**(19-бетті қараңыз)



**Пайдаланушы нұсқаулығы, Ықшам дискідегі нұсқаулық**




**Pentouch сақтық нұсқаулары**





M5 x 16 M4 x 30
**Құрастыру бұрандасы**
(14-беттіқараңыз,15-беттіқараңыз)




**Қуат сымының Ұстағышы**
(18-бетті қараңыз)



**15 істікшелі D-sub сигнал кабелі**



**Қорғау Қақпағы**(15-бетті қараңыз)



**Феррит өзегі**
(үлгіге байланысты)




**Қуат сымы**




**Кабель ұстағышы**
(18-бетті қараңыз)




**Сақиналы болт, қабырға қапсырмасы**
(16-бетті қараңыз)



**Сүртетін шүберек**
(үлгіге байланысты)
Теледидардың сыртындағы дақтарды шүберекпен ақырын сүртіп алыңыз.



**Зарядтау кабелінің ұшы**
(43-бетті қараңыз)



**Ұш**(43-бетті қараңыз)
Ұш саны үлгіге қарай әр түрлі болуы мүмкін.




**Сенсорлы қалам (AN-TP300)**Сенсорлық қалам саны үлгіге қарай әр түрлі болуы мүмкін.(41-бетті қараңыз)



**Сенсорлық қалам кілті (AN-TD200)**(41-бетті қараңыз)



**Қондырғы**(41-бетті қараңыз)



**Тірек негізі**(14-бетті қараңыз)




**Тірек корпусы**(14-бетті қараңыз)

ҚАЗАҚША

## ЕСКЕРТПЕ

- Өніммен бірге берілген заттар оның үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Оңтайлы байланыс болу үшін, HDMI кабельдері және USB құрылғылары ұштарының қалыңдығы 10 мм-ден және ені 18 мм-ден аспауы керек. USB кабелі немесе USB жад істікшесі теледидардың USB ұясына сыймаса, USB 2,0 қолдайтын ұзарту кабелін пайдаланыңыз.





*A ≦ 10 мм
*B ≦ 18 мм

## ЕСКЕРТПЕ

Феррит өзегін пайдалану әдісі

Тек 42/50PA45**-ZA~F, 42/50PA49**-ZA~F, 50/60PA55**-ZA~F, 50/60PA65**-ZA~F

1 Компьютердің дыбыс кабеліндегі электрмагниттік кедергілерді азайту үшін феррит өзегін пайдаланыңыз.
Компьютердің дыбыс кабелін феррит өзегіне үш рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға жақын қойыңыз.

[Сыртқы құрылғыға]  [теледидарға]


[1-сурет]



(Сұр)
[Феррит өзегінің көлденең кесілгендегі көрінісі]

2 Қуат кабеліндегі электрмагниттік кедергілерді азайту үшін феррит өзегін пайдаланыңыз.
Қуат кабелін феррит өзегіне бір рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға және қабырға розеткасына жақын қойыңыз.


[қабырға розеткасына]  [теледидарға]

[2-сурет]



(Қара)
[Феррит өзегінің түйісетін жері]

3 Феррит өзегін құрамдас Y, Pb, Pr, L, R кабелінде электрмагниттік кедергіні азайту үшін пайдаланыңыз. Құрамдас Y, Pb, Pr, L, R кабелін феррит өзегіне бір рет ораңыз.


[Сыртқы құрылғыға]  [теледидарға]


[3-сурет]



(Қара)
[Феррит өзегінің түйісетін жері]

4 Феррит өзегін LAN кабеліндегі электрмагниттік кедергіні азайту үшін пайдаланыңыз. LAN кабелін феррит өзегіне үш рет ораңыз. Феррит өзегін теледидар мен сыртқы құрылғыға жақын қойыңыз.

[теледидарға]  [Сыртқы құрылғыға]


[4-сурет]

| A (Сұр) | B (Сұр) |
|---|---|
|  |  |

[Феррит өзегінің түйісетін жері]


- Феррит өзегі біреу болса, 1-суретте көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- Үш феррит өзегі болса, 1 және 2-суреттерде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- Төрт феррит өзегі болса, 1, 2 және 3-суреттерде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- LAN порты болса, 4-суретте көрсетілген нұсқауларды қосымша орындаңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Феррит өзегін пайдалану әдісі

Тек 42/50PA45**-ZG~M, 42/50PA49**-ZG~M, 50/60PA55**-ZG~M, 50/60PA65**-ZG~M

1 Компьютердің дыбыс кабеліндегі электрмагниттік кедергілерді азайту үшін феррит өзегін пайдаланыңыз.
Компьютердің дыбыс кабелін феррит өзегіне үш рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға жақын қойыңыз.





[1-сурет]



(Сұр)
[Феррит өзегінің көлденең кесілгендегі көрінісі]


2 Қуат кабеліндегі электрмагниттік кедергілерді азайту үшін феррит өзегін пайдаланыңыз.
Қуат кабелін феррит өзегіне бір рет ораңыз. Феррит өзегін теледидарға және қабырға розеткасына жақын қойыңыз.




[2-1-сурет]




(Қара)
[Феррит өзегінің түйісетін жері]




[2-2-сурет]


3 Феррит өзегін құрамдас Y, Pb, Pr, L, R кабелінде электрмагниттік кедергіні азайту үшін пайдаланыңыз. Құрамдас Y, Pb, Pr, L, R кабелін феррит өзегіне бір рет ораңыз.





(Қара)
[Феррит өзегінің түйісетін жері]

[3-сурет]

4 Феррит өзегін LAN кабеліндегі электрмагниттік кедергіні азайту үшін пайдаланыңыз. LAN кабелін феррит өзегіне үш рет ораңыз. Феррит өзегін теледидар мен сыртқы құрылғыға жақын қойыңыз.




[Феррит өзегінің түйісетін жері]

[4-сурет]

- Феррит өзегі біреу болса, 1-суретте көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- Үш феррит өзегі болса, 1 және 2-суреттерде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- Төрт феррит өзегі болса, 1, 2 және 3-суреттерде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- LAN порты болса, 4-суретте көрсетілген нұсқауларды қосымша орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік мақсатында және өнімнің жарамдылық мерзімін ұзарту үшін, қолдан жасалған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Қолдан жасалған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе жарақаттар кепілдікке кірмейді.

## Бөлек сатылады

Сапаны арттыру мақсатында, бөлек сатылатын бөлшектерді ешбір ескертусіз ауыстыруға немесе өзгертуге болады. Осы заттарды сатып алу үшін, дилеріңізге хабарласыңыз. Бұл құрылғы тек үйлесімді LG плазмалық теледидарларымен жұмыс істейді.



**AN-TP300**
Сенсорлық қалам, қондырғы
Сенсорлық қалам,Үш саны үлгіге қарай әр түрлі болуы мүмкін.



| Үйлесімділік | 42/50PA45** | 50/60PA55** | 50/60PA65** | 42/50PA49** |
|---|---|---|---|---|
| **AN-TP300**<br>Сенсорлық қалам, қондырғы | | | | • |

## Бөлшектер мен түймелер

ЕСКЕРТПЕ


- Тұтынылатын қуат мөлшерін азайту үшін теледидарды күту режиміне қоюға болады. Егер біраз уақыт көрілмейтін болса, теледидарды өшіріп қою қажет. Бұл тұтынылатын қуат мөлшерін азайтады.
- Сурет жарықтығының деңгейі төмендетілсе, қолданыс үстінде тұтынылатын қуат мөлшері айтарлықтай азайып, бұл өз ретінде жалпы қуат ақысын азайтады.

ЕСКЕРТУ

- Әйнек тіректің үстіне баспаңыз немесе оның соққы алуына жол бермеңіз. Ол сынып, шыны бөлшектері жарақат туғызуы немесе теледидар құлауы мүмкін.
- Теледидарды сүйремеңіз. Еден немесе өнім зақымдалуы мүмкін.
- Кейбір үлгілердің экранына жұқа үлдір жабыстырылған, оны алуға болмайды.

Тек 42/50PA45**-ZA~F, 42/50PA49**-ZA~F, 50/60PA55**-ZA~F, 50/60PA65**-ZA~F

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.




| Мәзір | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | PCMCIA картасының ұясы |
| ❷ | USB кірісі |
| ❸ | HDMI IN 3 |
| ❹ | HDMI / DVI IN 2 |


| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| ⏻/I | Қуатты қосады немесе өшіреді |
| INPUT | Кіріс көзін өзгертеді |
| SETTINGS | Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады |
| OK⊙ | Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды |
| – + | Дыбыс деңгейін реттейді |
| ⌄ ⌃ | Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды |

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.

ҚАЗАҚША

Тек 42/50PA45**-ZG~M, 42/50PA49**-ZG~M, 50/60PA55**-ZG~M, 50/60PA65**-ZG~M

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.




| Мәзір | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | PCMCIA картасының ұясы |
| ❷ | USB кірісі |
| ❸ | HDMI IN 3 |
| ❹ | HDMI IN 2 |

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| ⏻/I | Қуатты қосады немесе өшіреді |
| INPUT | Кіріс көзін өзгертеді |
| SETTINGS | Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады |
| OK⊙ | Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды |
| – + | Дыбыс деңгейін реттейді |
| ⌄ ⌃ | Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды |

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.

# Теледидарды көтеру және жылжыту

Теледидарды жылжытқанда немесе көтергенде, сырып немесе зақымдап алмай, түріне және көлеміне қарамастан қауіпсіз түрде тасымалдау үшін, төмендегі ақпаратты оқыңыз.


**ЕСКЕРТУ**

- Экранды қолмен ұстамаңыз, экранға немесе бейнені құрайтын кейбір пиксельдерге зақым келуі мүмкін.


- Теледидарды зауытта салынған қорабында немесе орамасында тасымалдаған жөн.
- Теледидарды жылжыту немесе көтеру үшін, алдымен қуат сымын және барлық кабельдерді ажырату керек.
- Теледидарды ұстағанда, сырылып қалмауы үшін, экран сыртқа қарап тұру керек.



- Теледидар жақтауының жоғарғы жағы мен түбін жақсылап ұстаңыз. Мөлдір бөлікті, динамикті немесе динамик торының аймағын ұстамаңыз.



- Үлкен теледидарды кемінде 2 адам тасымалдауы керек.
- Теледидарды қолмен тасымалдағанда, төмендегі суретте көрсетілгендей ұстау керек.



- Тасымалдағанда, теледидарды қатты шайқамаңыз.
- Тасымалдағанда, теледидарды тігінен ұстаңыз. Жанына жатқызбаңыз және сол немесе оң жағына қарай еңкейтпеңіз.

# Теледидардың параметрлерін орнату

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.


Теледидарды тірегіне қойып, үстелге немесе қабырғаға орнатыңыз.

## Тіректі тағу


Егер теледидарды қабырғаға бекітпесеңіз, тіректі тағу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

Тек 42/50PA45**, 42/50PA49**, 50/60PA55**, 50/60PA65**

**1**





**2**



**ЕСКЕРТУ**

- Тіректі теледидарға бекіткен кезде, экранға сызық дақтардан қорғау үшін, экранның бетін төмен қаратып, жұмсақ үстелге немесе тегіс бетті жерге қойыңыз.

**3**






**ЕСКЕРТУ**

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды мықтап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Тіректі шешу

1







**ЕСКЕРТУ**

- Тіректі теледидарға бекіткен кезде, экранға сызық дақтардан қорғау үшін, экранның бетін төмен қаратып, жұмсақ үстелге немесе тегіс бетті жерге қойыңыз.


2





**ЕСКЕРТПЕ**

- Сонда саңылауға шаң мен кір жиналмайды.
- Қабырғаға бекіту қапсырмасын орнатқанда, қорғағыш қақпақты пайдаланыңыз.

3







**ЕСКЕРТУ**

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды мықтап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

## Үстелге орнату

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.

1 Теледидарды көтеріп, үстелге тігінен қойыңыз.
- Желдетуге арнап, қабырға мен теледидардың арасында 10 см (ең кемінде) бос орын қалдырыңыз.





2 Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қосыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

- Теледидарды жылу көзінің жанына немесе үстіне қоймаңыз, бұл өртке әкеп соғуы немесе басқа зақым келтіруі мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

- 20 градус солға немесе оңға бұрып, теледидар бұрышын көруіңізге ыңғайлы етіп, орналастырыңыз.





**ЕСКЕРТУ**

- Өнімнің бұрышын реттегенде, саусақтарыңызды қысып алмаңыз.
  - Қолдарды немесе саусақтарды қысып алу жарақат тигізуі мүмкін. Егер өнімді тым қатты қисайтса, ол құлап, зақым немесе жарақат тудыруы мүмкін.

### Теледидарды қабырғаға бекіту (үлгіге байланысты)

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.



1 Сақиналы болттарды немесе теледидардың артқы жағындағы қапсырмалар мен болттарды кіргізіп, бекітіңіз.
- Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға қапсырмаларын болттардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз.

Қабырға қапсырмасы мен теледидардың артындағы сақиналы болттарды бір-біріне келтіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға қапсырмаларын мықты баумен тартып байлап қойыңыз.

Бау тегіс бетке көлденең тартылып тұру керек.

**ЕСКЕРТУ**

- Балалардың теледидарға шықпауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.


**ЕСКЕРТПЕ**

- Теледидар теңселмей тұратын мықты және үлкен үстел немесе түпқойманы пайдаланыңыз.

# Қабырғаға орнату





Теледидардың артындағы қабырғаға бекіту қапсырмасын орнатып, қапсырманы қатты, еденге перпендикуляр түрде орнатыңыз. Теледидарды басқа құрылыс бөліктеріне орнату үшін, білікті мамандарға хабарласыңыз.


LG компаниясы қабырғаға бекітуді білікті кәсіби орнатушы орындауын ұсынады.




Міндетті түрде VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз. Қабырғаға бекіту жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Бөлек сатылатындар (қабырғаға бекіту қапсырмасы)

| **Үлгі** | 42/50PA45**<br>42/50PA49**<br>50PA55**<br>50PA65** | 60PA55**<br>60PA65** |
|---|---|---|
| **VESA (A x B)** | 400 x 400 | 600 x 400 |
| **Стандартты бұранда** | M6 | M8 |
| **Бұрандалар саны** | 4 | 4 |
| **Қабырғаға бекіту қапсырмасы** | PSW400B  | PSW600B  |
| | PSW420BX  | PSW620BX  |




## ЕСКЕРТУ

- Алдымен қуатты ажыратыңыз, содан кейін барып теледидарды жылжытыңыз немесе орнатыңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.
- Төбеге немесе қисық қабырғаға орнатылса, теледидар құлап, ауыр жарақат тудыруы мүмкін. Рұқсат етілген LG қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз және жергілікті дилерге немесе білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Бұрандаларды тым қатты бұрамаңыз: теледидар зақымданып, кепілдік күшін жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе сәйкес келмейтін қосалқы құралды пайдалану нәтижесінде болған зақымдар мен жарақаттар кепілдікке кірмейді.


## ЕСКЕРТПЕ

- VESA стандартты бұранда сипаттамаларында берілген бұрандаларды ғана пайдаланыңыз.
- Қабырғаға бекіту жинағына орнату нұсқаулығы мен қажетті бөлшектер кіреді.
- Бұрандалардың ұзындығы қабырға бекітпесіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Міндетті түрде қажетті ұзындықты таңдаңыз.
- Қосымша ақпаратты қабырғаға бекіту қапсырмасымен берілген нұсқаулықтан қараңыз.

## Кабельдерді жинау


- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.

1 Қуат **сымының ұстағышын орнатып, қуат сымын жалғаңыз**. Ол қуат кабелінің байқаусызда ажыратылуынан сақтайды.



Қуат сымының ұстағышы

2 Кабельдерді жинап, **кабель ұстағышымен** қыстырып қойыңыз.



Кабель ұстағышы

### ЕСКЕРТУ


- Теледидарды **кабель ұстағышынан** және **қуат сымының ұстағышынан** ұстап жылжытпаңыз. Кабель ұстағыштары сынып, жарақат алынуы немесе теледидар зақымдануы мүмкін.

# ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге негізделген. Нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.

Батареяларды ауыстыру үшін батареяларды (1,5 В AAA) ⊕ және ⊖ ұштарын бөлімдегі белгіге сәйкестендіріп ауыстырыңыз да, батарея қақпағын жабыңыз. Қашықтан басқару құралын міндетті түрде теледидардағы қашықтан басқару сенсорына бағыттаңыз.

Батареяларды шығару үшін, орнату әрекеттерін кері тәртіппен орындаңыз.





ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз, қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.




**⏻(ҚУАТ)**
Теледидарды қосады немесе өшіреді.

**ENERGY SAVING** (68-бетті қараңыз) **(Энергияны үнемдеу)**
Тұтынылатын энергияны азайту үшін экранның жарықтығын реттейді.

**TV/RAD (Теледидар/радио)**
Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.

**GUIDE (Нұсқаулық)**
Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.

**INFO** (29-бетті қараңыз)
(Ақпарат) Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді.

**RATIO** (31-бетті қараңыз) **(Пішім)**
Бейненің өлшемін өзгертеді.


**INPUT** (33-бетті қараңыз) **(Кіріс)**
Кіріс көзін өзгертеді және теледидарды қосады.

**Сан түймелері**
Сандарды енгізеді.

**LIST** (28-бетті қараңыз) **(Тізім)**
Сақталған бағдарламалар тізімін көрсетеді.

**Q.VIEW (Жылдам көрініс)**
Алдыңғы көрілген бағдарламаға қайтады.

ҚАЗАҚША




**SETTINGS (Параметрлер)**
Негізгі мәзірлерге өткізеді немесе енгізгеніңізді сақтап, мәзірлерден шығарады.


**Q. MENU** (35-бетті қараңыз) **(Жылдам мәзір)**
Жылдам мәзірлерді көрсетеді.

**Жылжу түймелері** (жоғары/төмен/солға/оңға)
Мәзірлер мен опцияларда жылжиды.

**OK**
Мәзірлер мен опцияларды таңдап, енгізуді растайды.

⮌
Алдыңғы деңгейге қайтарады.

**EXIT** (Шығу)
Экрандағы барлық көрсетілгенді кетіріп, теледидарды көру режиміне қайтарады.




◿ + -
Дыбыс деңгейін реттейді.

**FAV** (28-бетті қараңыз) **(Таңдаулы)**
Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді.

**AD (Аудио)**
Дыбысты сипаттау функциясын қосады немесе өшіреді.

**MUTE (Дыбысты өшіру)**
Бүкіл дыбыстарды өшіреді.

**P** ∧ ∨ (P + –)
Сақталған бағдарламаларда жылжиды.

**PAGE (Бет)**
Алдыңғы немесе келесі экранға өткізеді.

**Түсті түймелер**
Бұл түймелер телемәтін (тек TELETEXT үлгілерінде), бағдарламаны өзгерту үшін қолданылады.

**Басқару түймелері(■, ▶, II, ◀◀, ▶▶)**
МЕНІҢ МУЛЬТИМЕДИАМ мәзірлерін немесе SIMPLINK үйлесімді құрылғыларын (USB, SIMPLINK) басқарады.

**SUBTITLE (Субтитр)**
Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.

**1 ТЕЛЕМӘТІН ТҮЙМЕЛЕРІ (**94-бетті қараңыз)
Бұл түймелер телемәтінге арналған.
Қосымша ақпаратты «Телемәтін» бөлімінен көріңіз.

**INFO** (29-бетті қараңыз) **(Ақпарат)**
Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді.

**GUIDE (Нұсқаулық)**
Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.

**SIMPLINK** (93-бетті қараңыз) **(үлгіге байланысты)**
HDMI-CEC арқылы HDMI кабелімен жалғанған AV құрылғыларына қосылады.
SIMPLINK мәзірін ашады.

**AV MODE**(33-бетті қараңыз) (AV режимі) (үлгіге байланысты)
AV режимін таңдайды.

# ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

## Антеннаны жалғау

Теледидар көру үшін, төмендегі нұсқаулар бойынша антеннаны жалғаңыз.
Зақым келмеу үшін, құрылғылар арасында байланыс толық орнатылмайынша қуат сымдарын розеткаға қоспаңыз.

RF кабелі (75 Ω) арқылы теледидарды қабырғадағы антенна ұясына жалғаңыз.




**ЕСКЕРТПЕ**

- Оңтайлы сурет сапасы үшін антенна бағытын реттеңіз.
- Сигнал әлсіз болған аймақтарда сурет сапасын мейлінше жақсарту үшін, сигнал күшейткішін антеннаға орнату керек болуы мүмкін.
- Егер антенна қосылған күйде бейне сапасы нашар болса, антеннаның бағытын түзетіңіз.
- Антенна кабелі және түрлендіргіш қамтамасыз етілмеген.

## Теледидарды бірінші рет қосу

Теледидарды бірінші рет қосқанда, алғашқы орнату экраны көрсетіледі. Тілді таңдап, негізгі параметрлерді реттеңіз.

1 Қуат сымын розеткаға қосыңыз.

2 Күту режимінде теледидарды қосу үшін, ⏻(**ҚУАТ**) түймесін басыңыз.

Теледидарды бірінші рет қосқанда, алғашқы орнату экраны көрсетіледі.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Басты мәзірде **ОПЦИЯ** тармағына өтіп, **Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру** мүмкіндігін пайдалануға болады.

3 Теледидардың параметрлерін қалауларыңызға сәйкес реттеу үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

| | |
|---|---|
| Тіл | Көрсетілетін тілді таңдайды. |
| ⇩ | |
| Режимді орнату | Үй ортасы үшін **Үйде қолдану** функциясын таңдайды. |
| ⇩ | |
| Ел | Көрсетілетін елді таңдайды. (үлгіге байланысты) |
| ⇩ | |
| Кілтсөз орнату | Кілтсөзді орнатады. (Ел ретінде Франция немесе Италия таңдалғанда) |
| ⇩ | |
| Уақыт белдеуі | Уақыт белдеуі мен жаз уақытын таңдайды. (Ел ретінде Ресей таңдалғанда) |
| ⇩ | |
| Желі параметрі | (LAN порты болса) көрсету үшін желі параметрін таңдайды. |
| ⇩ | |
| Автоматты түрде реттеу | Бар бағдарламаларды автоматты түрде іздеп, сақтайды. |

ЕСКЕРТПЕ

- DTV трансляция стандарттары расталмаған елдерде, DTV трансляция ортасына байланысты, кейбір DTV мүмкіндіктері жұмыс істемеуі мүмкін.
- Ел ретінде Франция таңдалғанда, кілтсөз «0», «0», «0», «0» емес, «1», «2», «3», «4» болады.
- Суреттерді үйдегі орта үшін ең жақсы сапада көрсету үшін Үйде қолдану параметрін таңдаңыз.
- **Сақтау көрмесі** сату ортасына қолайлы.
- **Сақтау көрмесі** параметрі таңдалғанда, кез келген реттелген параметрлер 5 минут ішінде **Сақтау көрмесінің** әдепкі параметрлеріне ауысады.

4 Негізгі параметрлер орнатылғанда **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бастапқы параметрлердің орнатылуы аяқталмаса, олар теледидар қосылған сайын пайда болады.
- Теледидар ұзақ уақыт пайдаланылмағанда, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.

5 Теледидарды өшіру үшін, ⏻(**ҚУАТ) түймесін басыңы**з.

# Теледидар қарау

1 Күту режимінде теледидарды қосу үшін, ⏻ (**ҚУАТ)** түймесін басыңыз.

2 **INPUT** (Кіріс) түймесін басып, **Антенна** тармағын таңдаңыз.

3 Теледидарды өшіру үшін ⏻ (**ҚУАТ**) түймесін басыңыз.

Теледидар күту режиміне өтеді.

# Бағдарламаларды реттеу

## Бағдарламаны автоматты түрде орнату

**Антенна** параметрін таңдау

Бар барлық бағдарламаларды автоматты түрде табу және сақтау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.
Авто бағдарламалау функциясы іске қосылған кезде, бұрын сақталған қызмет ақпаратының бәрі жойылады.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Жылжу түймелерінің көмегімен** Автоматты түрде реттеу **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 **Жылжу түймелерінің көмегімен** Антенна **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

5 **Автоматты түрде реттеуді бастау үшін,** Бастау пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.

6 Аяқтағаннан кейін, EXIT **(Шығу) түймесін басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- 1800 бағдарламаға дейін сақтауға болады. Сақталатын бағдарламалар саны таратылатын сигнал ортасына байланысты болады.
- Ел мәзірінде **Италия** таңдалғанда, автоматты түрде реттеу функциясынан кейін қайшылықты бағдарламаға байланысты қалқымалы хабар көрсетілсе, шешу үшін қайшылықты бағдарлама нөмірінің таратушысын таңдаңыз.
- Ел мәзірінде Ұлыбритания таңдалғанда, автоматты түрде реттеу функциясынан кейін қайшылықты бағдарламаға байланысты қалқымалы хабар көрсетілсе, шешу үшін қайшылықты бағдарлама нөмірінің аймақтарын, елін таңдаңыз.
- Ел мәзірінде Норвегия таңдалғанда, автоматты түрде реттеу функциясынан кейін екіден көп желі атауы табылса, керектісін таңдауға болады.
  Бағдарламалар тізімдері таңдалған желі атауына байланысты реттеледі. (Тек скандинавия елдеріндегі үлгілерде)

ҚАЗАҚША

## **Кабель** параметрін таңдау

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Жылжу түймелерінің көмегімен** Автоматты түрде реттеу **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 **Жылжу түймелерінің көмегімен** Кабель **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

5 Жылжу түймелерінің көмегімен **Басты оператор** немесе **Басқа операторлар** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

6 **Жылжу түймелерінің көмегімен** Жылдам **немесе** Толық **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

7 Жылжу немесе сан түймелерінің көмегімен тиісті реттеулерді жасап (Толық режимінен басқа), **OK** түймесін басыңыз.

8 Автоматты түрде реттеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.

9 Аяқтағаннан кейін, EXIT (Шығу) түймесін **басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ↩ түймесін басыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **Кабель** параметрін таңдағанда, әр елдегі кабель қызметінің жағдайына байланысты **Кабельдік қызмет операторы** таңдау экраны өзгеше болуы немесе мүлде болмауы мүмкін.
- **Қызмет операторы** параметрін таңдауға арналған қалқымалы терезе бастапқыда тек 3 жағдайда көрсетіледі. Бұлар: **Бастапқы параметр** мәзіріне кіргенде, **Антенна** режимінен **Кабель** режиміне ауысқанда және **Ел** параметрін өзгерткеннен кейін, мәзірге кірген жағдайда.
- Аталмыш 3 жағдайдан басқа кезде Қызмет операторын таңдау керек болса, **Орнату->Кабельдік DTV параметрлері-> Қызмет операторы** тармағын пайдалануға болады.
- Алынған SO куәлігі: Швеция (Comhem, Canal Digital), Дания (YouSee, Canal Digital, Stofa), Норвегия (Canal Digital), Нидерланд (Ziggo, UPC Digitaal), Ukraine(Volia-Cable), Германия (KDG, Unity Media), Швейцария (CableCom, UPC), Австрия (UPC Digital), Венгрия (UPC Digital), Ирландия (UPC Digital), Польша (UPC Digital), Румыния (UPC Digital), Ресей (TVOE TV (Санкт-Петербург),TVOE (Екатеринбург),Dom.ru,AKADO, OnLime) (Алынған SO куәлігін қосуға болады.)
- Егер қалаулы қызмет операторы болмаса, **Басқа операторлар** тармағын таңдаңыз.
- «**Басқа операторлар**» тармағы таңдалса немесе таңдалған елде тек «**Басқа операторлар**» параметріне қолдау көрсетілсе, барлық арналарды іздеуге біраз уақыт кетуі немесе кейбір арналарды іздемеуі де мүмкін.
- Кейбір арналар көрсетілмесе, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

**1. ОРНАТУ -> Автоматты түрде реттеу -> Кабель -> Параметр**
**2. Жиілік, тарату жылдамдығы, модуляция, желі идентификаторы сияқты қосымша мәндерді енгізіңіз. (Жоғарыдағы ақпаратты кабельдік қызмет провайдерінен білуге болады.)**

Төмендегі мәндер бар барлық бағдарламаларды жылдам әрі нақты табу үшін қажет.
Жиі пайдаланылатын мәндер «әдепкі» түрде орнатылған.
Дегенмен, дұрыс параметрлерді кабельдік қызмет провайдерінен біліп алыңыз.
DVB кабель режимінде **Автоматты түрде реттеу** жүргізгенде Толық параметрін таңдаса, бар болған арналарды табу үшін барлық жиіліктер ізделеді.
Бағдарлама Әдепкі параметрін таңдау арқылы ізделмеген жағдайда, іздеуді Толық параметрін таңдау арқылы жүзеге асырыңыз. Дегенмен, бағдарлама Толық параметрін таңдау арқылы ізделсе, автоматты түрде реттеуге тым ұзақ уақыт кетуі мүмкін.
Егер кейбір арналар **Толық** параметрі таңдалғанда табылмаса, Жан-жақты ұяшығына құсбелгі қойып, қайта реттеп көріңіз.

- **Frequency** (Жиілік): пайдаланушы анықтайтын жиілікті енгізіңіз.
- **Symbol rate** (Тарату жылдамдығы): пайдаланушы белгілейтін тарату жылдамдығын енгізіңіз (Тарату жылдамдығы: модем сияқты құрылғының каналға белгілерді жіберу жылдамдығы).
- **Модуляциялау**: пайдаланушы анықтайтын модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: аудио немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- **Желі коды**: әрбір пайдаланушыға бірегей код беріледі.
- **Start Frequency** (Бастау жиілігі): пайдаланушы анықтайтын бастау жиілігінің диапазонын енгізіңіз.
- **End Frequency** (Аяқтау жиілігі): пайдаланушы анықтайтын аяқтау жиілігі диапазонын енгізіңіз.

## Кабельдік DTV параметрлері (Тек Кабель режимінде)

Пайдаланушы Қызмет операторы мәзірінен таңдай алатын функциялардың ауқымы әр елде қолдау көрсетілетін Қызмет операторларының санына қарай әртүрлі болады. Егер әр ел үшін қолдау көрсетілетін Қызмет операторының саны 1 болса, тиісті функция жұмыс істемейтін болады.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Кабельдік DTV параметрлері** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қызмет операторы** немесе **Арнаны автоматты жаңарту** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Қажетті көзді таңдаңыз.

6 Аяқтағаннан кейін, EXIT **(Шығу) түймесін басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

- **Кабель** таңдалса, **Кабельдік DTV параметрлері** мәзірі көрінеді.
- **Арнаны автоматты жаңарту мүмкіндігі Қосулы** күйінде болғанда, жаңартылуы мүмкін барлық арналар, соның ішінде ағымдағы көрсетіліп жатқан арна ақпаратын жаңартуға болады.
- **Арнаны автоматты жаңарту өшіп тұрғанда**, тек ағымда көріп отырған бағдарлама ақпаратын жаңартуға болады.
- Қызмет операторы ретінде **Ziggo** таңдалғанда, **Кабельдік DTV параметрлері** тармағын таңдау мүмкін емес.

## Бағдарламаны қолмен орнату (сандық режимде)

Қолмен реттеу бағдарламаны бағдарламалар тізіміне қолмен қосуға мүмкіндік береді.

### **Антенна** параметрін таңдау

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен реттеу** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **DTV** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Бағдарлама түрлері ішінде жылжып, бағдарламаларды қосыңыз немесе жойыңыз.

6 Аяқтағаннан кейін, EXIT **(Шығу) түймесін басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- Ел ретінде «Норвегия, Латвия» орнатылғанда, **SBAND** параметрін таңдауға болады.

### **Кабель** параметрін таңдау

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен реттеу** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **Кабельдік DTV** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Тиісті реттеулер жасаңыз.

6 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу) түймесін басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **Symbol rate** (Тарату жылдамдығы): пайдаланушы белгілейтін тарату жылдамдығын енгізіңіз (Тарату жылдамдығы: модем сияқты құрылғының каналға белгілерді жіберу жылдамдығы).
- **Модуляциялау**: пайдаланушы анықтайтын модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: аудио немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- Қызмет операторы ретінде **Ziggo** немесе Нидерланд еліндегі **Басқа операторлар** орнатылғанда, **Кабельдік DTV** параметрін таңдау мүмкін болмайды.

## Бағдарламаны қолмен орнату (аналог режимінде)

Қолмен реттеу функциясы станцияларды ыңғайлы ретпен қолмен дәлдеуге және реттеуге мүмкіндік береді.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен реттеу** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **ТД** немесе **Кабельді ТД** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Бағдарлама түрлері ішінде жылжып, бағдарламаларды қосыңыз немесе жойыңыз.

6 Жылжу түймелерінің көмегімен TV System (ТД жүйесі) тармағына өтіңіз.

7 Жылжу түймелерінің көмегімен **V/UHF немесе Кабель** тармағына өтіңіз

8 Жылжу немесе сан түймелерінің көмегімен керекті арнаға өтіңіз.

9 Жылжу түймелерін басып іздеуді бастаңыз.

10 Жылжу түймелерінің көмегімен **Сақтау** тармағына өтіп, **OK түймесін басыңыз.**

11 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу) түймесін басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **L**: SECAM L/L' (Франция)
- **BG**: PAL B/G, SECAM B/G (Еуропа / Шығыс Еуропа / Азия / Жаңа Зеландия / Таяу Шығыс / Африка)
- **I** : PAL I (Б.К. / Ирландия / Гонконг / Оңтүстік Африка)
- **DK**: PAL D/K, SECAM D/K (Шығыс Еуропа / Қытай / Африка / ТМД)
- Басқа арнаны сақтау үшін, 5-10 қадамдарды қайталаңыз.

### Станцияларға ат беру

Әр бағдарламаға бес таңбалы нөмірмен станция атын бере аласыз.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Қолмен реттеу** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **ТД немесе Кабельді ТД параметрін таңдаңыз.**

5 Жылжу түймелерінің көмегімен **Аты** параметріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

6 Жылжу түймелерінің көмегімен позицияны таңдап, екінші белгіні таңдаңыз, тағысын-тағы. A-Z алфавит әріптерін, 0-9 сандарын, «+/ -» таңбаларын және бос орын қойып, **OK** түймесін басыңыз.

7 **Жылжу түймелерінің көмегімен** Жабу **пәрменіне өтіп**, OK түймесін басыңыз.

8 Жылжу түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK түймесін басыңыз**

9 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

## Бағдарламалар тізімін өзгерту

Бағдарлама нөмірі еленбесе, теледидар көріп жатқанда оны **P** ∧ ∨ (P + –) түймелері арқылы таңдау мүмкін болмайды.
Еленбеген бағдарламаны таңдау керек болса, бағдарлама нөмірін САН түймелері арқылы тікелей енгізіңіз немесе Бағдарламаны өзгерту мәзірінен таңдаңыз.
Бұл функция сақталған бағдарламаларды елемеу мүмкіндігін береді.
Автоматты түрде реттеуді бастағанда, «Автоматты нөмірлеу» ұяшығына құсбелгі қойылмаған болса, «Жылжыту» функциясының көмегімен бағдарлама нөмірін өзгертуге болады.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **Бағдарламаны өзгерту** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Сақталатын және еленбей өтетін бағдарламаларды таңдау үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** (Шығу) түймесін басыңыз.

**Алдыңғы мәзірге оралған кезде** ⮌ түймесін басыңыз.

DTV/РАДИО режимінде

**Бағдарлама нөмірін елемей өту**

1 Жылжу түймелерінің көмегімен еленбей өтетін бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Көк түймені басыңыз.

3 Босату үшін, Көк түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бағдарламаларды елемеу қажет болса, еленбей өтетін бағдарлама көк түспен көрсетіледі және теледидар қарау барысында бұл бағдарламалар **P∧ (P +)** немесе **P∨ (P -)** түймелері арқылы таңдалмайтын болады.
- Еленбеген бағдарламаны таңдау керек болса, бағдарлама нөмірін САН түймелері арқылы тікелей енгізіңіз, не болмаса оны Бағдарламаны өзгерту мәзірінде немесе ЭБН арқылы таңдаңыз.

**Бағдарлама нөмірін құлыптау**

1 Жылжу түймелері көмегімен құлыптанатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Сары түймені басыңыз.

3 Босату үшін, Сары түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Оны **Құлыптау жүйесі** мүмкіндігі **Өшірулі** күйінде болса да, құлыптау бағдарламасы ретінде тіркеуге болады.

**Бағдарлама нөмірін өзгерту**

1 Жылжу түймелері көмегімен өзгертілетін бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Жасыл түймені басыңыз.

3 Жылжу түймелерін басып керекті бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

4 Босату үшін, Сары түймені басыңыз.

Теледидар режимінде

**Бағдарламаны жою**

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жойылатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Қызыл түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Таңдалған бағдарлама жойылып, кейінгі бағдарламалардың барлығы бір жол жоғары ауысады.

**Бағдарламаны жылжыту**

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжытылатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Жасыл түймені басыңыз да, жылжу түймелерін басыңыз.

3 Босату үшін, Жасыл түймені басыңыз.

**Бағдарлама нөмірін елемей өту**

1 Жылжу түймелерінің көмегімен еленбей өтетін бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Көк түймені басыңыз.

3 Босату үшін, Көк түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бағдарламаларды елемеу қажет болса, еленбей өтетін бағдарлама көк түспен көрсетіледі және теледидар қарау барысында бұл бағдарламалар **P∧ ∨** (P + –) түймелері арқылы таңдалмайтын болады.
- Еленбеген бағдарламаны таңдау керек болса, бағдарлама нөмірін сан түймелері арқылы тікелей енгізіңіз немесе оны «Бағдарламаны өзгерту» мәзірінде таңдаңыз.

### Авто сұрыптау

1 Жылжу түймелерінің көмегімен **Авто** сұрыптау мүмкіндігін қосып, **OK** түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Авто сұрыптау мүмкіндігін іске қосқаннан кейін, бағдарламаларды өзгерту мүмкін болмайды.

### Бағдарлама нөмірін құлыптау

1 Жылжу түймелері көмегімен құлыптанатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 Бағдарлама нөмірін қосу үшін, Сары түймені басыңыз.

3 Босату үшін, Сары түймені басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Оны **Құлыптау жүйесі** мүмкіндігі **Өшірулі** күйінде болса да, құлыптау бағдарламасы ретінде тіркеуге болады.

### Ұнамды бағдарламаны таңдау

1 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті арнаны таңдаңыз.

2 Тиісті арнаны ағымдағы таңдаулылар тобының таңдаулылар тізіміне қосу үшін, **FAV** (Таңдаулы) түймесін басыңыз.

3 Босату үшін, **FAV** (Таңдаулы) түймесін басыңыз.

### Таңдаулы бағдарламалар тобын таңдау

1 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті арнаны таңдаңыз.

2 Таңдаулылар тобын өзгертуге болатын қалқымалы терезені шығару үшін , **Q.MENU (Жылдам мәзір**) түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен таңдаулылар тобын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## CI [Жалпы интерфейс] ақпараты

- Бұл мүмкіндік барлық елде бола бермейді.

Бұл функция кейбір шифрланған қызметтерді (ақылы қызметтер) көру мүмкіндігін береді. CI модулін алып тастаса, ақылы қызметтерді көру мүмкін болмайды.
Модуль CI ұясына салынып тұрғанда, модуль мәзіріне кіруге болады.
Модульді және смарт картаны сатып алу үшін, дилерге хабарласыңыз. Теледидардан CI модулін жиі салып, шығара бермеңіз.
Бұл теледидарды бұзуы мүмкін. CI модулі енгізілгеннен кейін теледидар қосылғанда, ешбір дыбыс шығарылмауы мүмкін.

CI модулімен және смарт картамен үйлесімсіз болуы мүмкін.

CI (Жалпы интерфейс) қызметі елдегі трансляция жағдайларына байланысты пайдаланылмауы мүмкін.

CAM (Шартты қатынас модулі) модулін пайдаланғанда, оның DVB-CI немесе CI плюс талаптарына толық жауап беретінін тексеріңіз.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS** (Параметрлер) түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен **CI Ақпараты** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Қажетті элементті: модуль ақпараты, смарт карта ақпараты, тіл, бағдарламалық құрал жүктемесі, т.б. таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу) түймесін басыңыз.**

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бұл экрандық мәзір тек көрсету үшін берілген, мәзір опциялары мен экрандық пішім ақылы сандық қызметтер провайдеріне сәйкес әртүрлі болады.
- CI (Жалпы интерфейс) экрандық мәзірін және қызметтерді дилер көмегімен өзгертуге болады.

# Бағдарламалар тізімін таңдау

Бағдарламалар тізімін көрсетіп, жадта сақталған бағдарламаларды көруге болады.

## Бағдарламалардың LIST (тізімін) көрсету

1 Бағдарламалар тізімін ашу үшін, **LIST** (Тізім) түймесін басыңыз.

2 Бағдарламаны өзгерту параметрін қосу үшін, көк түймені басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Кейбір көк бағдарламаларды көруге болады. Бұл авто бағдармалау функциясымен немесе бағдарлама өңдеу режимінде еленбейтін етіп реттелген.
- Бағдарламалар тізімінде көрсетілген арна номері бар кейбір бағдарламалар станция аты жоқ екенін көрсетеді.

## Бағдарламалар тізімінен бағдарламаны таңдау

1 Бағдарламаны таңдау үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

2 Таңдалған бағдарлама нөміріне өту үшін, **OK** түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- TV/RAD **(Теледидар/радио) түймесін басыңыз. (**Режим көріліп жатқан бағдарламадан ТД, СТД және Radio (Радио) режимдеріне ауысады.)

## Бағдарламалар тізімін қарап шығу

1 Беттерді аудару үшін, **P** ∧ ∨ (P + –) түймелерін басыңыз.

2 Қалыпты теледидар көру режиміне қайту үшін, **LIST** (Тізім) **т**үймесін басыңыз.

## Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсету


1 Таңдаулы бағдарламалар тізіміне кіру үшін, **FAV** (Таңдаулы) түймесін басыңыз.

2 **Аяқтағаннан кейін,** EXIT (Шығу) түймесін басыңыз.

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| Көк түйме | Бағдарламаны өзгерту функциясын қосады. |
| Сары түйме | Ағымдағы арна қазір таңдалған топта таңдаулы арна ретінде тіркеледі/болдырылмады. |
| **OK** | Көрілетін бағдарламаны таңдайды |
| **<** немесе **>** | Таңдаулы бағдарламалар тобы өзгереді. |

# ЭБН (Электрондық бағдарлама нұсқаулығы) (сандық режимде)


Жүйенің ықтимал барлық көру опциялары ішінде жылжуға көмектесетін электрондық бағдарлама нұсқаулығы (ЭБН) бар.
ЭБН бағдарлама тізімдері, бар барлық қызметтердің басталу және аяқталу уақыты сияқты ақпаратты көрсетеді. Оған қоса, ЭБН-да көбіне бағдарлама туралы толық ақпарат та болады (осы бағдарлама туралы мәліметтердің бар болуы мен мөлшері трансляция компаниясына тәуелді болады).
Бұл функцияны трансляция компаниялары ЭБН ақпаратын таратқанда ғана пайдалануға болады.
EPG функциясын қолданбас бұрын **Уақыт** мәзіріндегі Сағат параметрін орнату керек.
ЭБН 8 күнге арналған бағдарлама мәліметтерін көрсетеді.




- Ағымдағы бағдарлама ақпаратын көру үшін, **INFO** (Ақпарат) түймесін басыңыз.

| | |
|---|---|
| | ТД немесе СТД бағдарламасымен көрсетіледі. |
| | Радио бағдарламасымен көрсетіледі. |
| MHEG | MHEG бағдарламасымен көрсетіледі. |
| HE-AAC | HE-AAC бағдарламасымен көрсетіледі. |
| 4:3 | Трансляция бағдарламасының кадр жиілігі. |
| 16:9 | Трансляция бағдарламасының кадр жиілігі. |
| | Телемәтін бағдарламасымен көрсетіледі. |
| | Субтитр бағдарламасымен көрсетіледі. |
| | Шифрланған бағдарламамен көрсетіледі. |
| D | Dolby Digital бағдарламасымен көрсетіледі. |
| D+ | Dolby Digital PLUS бағдарламасымен көрсетіледі. |
| 576i/p, 720p, 1080i/p: трансляция бағдарламасының ажыратымдылығы | |
| | Ақпаратына байланысты белгішесі бар трансляция бағдарламасы Monitor Out (Монитор шығысы) тармағында көрсетілмеуі мүмкін. |

| | |
|---|---|
| > | Келесі бағдарламаның ақпаратын көрсетеді. |
| ∨ немесе ∧ | Басқа бағдарламалардың ақпаратын көрсетеді. |




| | |
|---|---|
| **OK** | Еске салу параметрлеріне арналған қалқыма терезе ашылады. |
| **< >** | Таймер еске салғышын орнату режимін таңдаңыз. |


## ЭБН-ды қосу/өшіру

1 ЭБН-ды қосу немесе өшіру үшін, **GUIDE (Нұсқаулық)** түймесін басыңыз.

## Бағдарламаны таңдау

(ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі)

1 Қажетті бағдарламаны таңдау үшін, жылжу түймелерін немесе **P** ∧ ∨ (P + –) түймесін басыңыз.



## ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі

Беріліп жатқан және одан кейін жоспарланған бағдарламаны қарауға болады.

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| Қызыл түйме | ЭБН режимін ауыстырады. |
| Сары түйме | Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді. |
| Көк түйме | Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді. |
| **OK** | «Енді» параметрі таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады.<br>«Келесі» тармағы таңдалғанда, тапсырыс беру қалқымалы терезесі пайда болады. |
| **< >** | ҚАЗІРГІ немесе КЕЛЕСІ бағдарламаны таңдайды. |
| **^ v** | Хабар тарату бағдарламасын таңдайды. |
| **P ^ v** (P + −) | Келесі/алдыңғы бетке өтеді. |
| **GUIDE (Нұсқаулық)** | ЭБН-ды өшіреді. |
| ⮌ | |
| **EXIT (Шығу)** | |
| **TV/RAD (Теледидар/радио)** | СТД немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды. |
| **INFO (Ақпарат)** | Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады. |

## 8 күндік нұсқаулық режимі

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| Қызыл түйме | ЭБН режимін ауыстырады. |
| Жасыл түйме | Күнді орнату режиміне кіреді. |
| Сары түйме | Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді. |
| Көк түйме | Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді. |
| **OK** | Ағымдағы хабар тарату бағдарламасы таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады.<br>Келесі таратылатын бағдарлама таңдалғанда, сақтау қалқымалы терезесі пайда болады. |
| **< >** | Бағдарламаны таңдайды. |
| **^ v** | Хабар тарату бағдарламасын таңдайды. |
| **P ^ v** (P + −) | Келесі/алдыңғы бетке өтеді. |
| **GUIDE (Нұсқаулық)** | ЭБН-ды өшіреді. |
| ⮌ | |
| **EXIT (Шығу)** | |
| **TV/RAD (Теледидар/радио)** | СТД немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды. |
| **INFO (Ақпарат)** | Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады. |

## Күнді ауыстыру режимі

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| Жасыл түйме | Күнді орнату режимін өшіреді. |
| v | |
| ⮌ | |
| **OK** | Таңдалған күнге ауыстырады. |
| **< >** | Күнді таңдайды. |
| **GUIDE (Нұсқаулық)** | ЭБН-ды өшіреді. |
| **EXIT (Шығу)** | |

## Ашылған сипаттама терезесі

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| **INFO (Ақпарат)** | Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады. |
| **^ v** | Келесі/алдыңғы мәтінге өтеді. |
| **GUIDE (Нұсқаулық)** | ЭБН-ды өшіреді. |
| **EXIT (Шығу)** | |

## Еске салу параметрлерін орнату режимі

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| ⮌ | Қолмен реттелетін таймер режимін өшіреді. |
| **OK** | Таймер жазбасын/еске салғышын сақтайды. |
| **< >** | Түр, Бастау Уақыты, Аяқтау Уақыты немесе Бағдарлама тармағын таңдайды. |
| **^ v** | Еске салу немесе жазу функциясы параметрін таңдайды. |

## Кесте тізімі режимі

Жоспар тізімі жасалған болса, сол уақытта басқа бағдарлама қаралып жатса да, жоспарланған бағдарлама белгіленген уақытта көрсетіледі.

| Түйме | Сипаттама |
|---|---|
| Сары түйме | Қолмен реттелетін таймер режиміне ауысады. |
| Көк түйме<br>**GUIDE (Нұсқаулық)** | Нұсқаулық режиміне ауысады. |
| **OK** | Қажетті опцияны таңдайды (Өзгерту/Жою/Барлығын жою). |
| ∧ ∨ | Бағдарламаны таңдайды. |
| **P** ∧ ∨ (P + −) | Келесі/алдыңғы бетке өтеді. |
| ⮌ | Жоспарлы бағдарламалар режимін өшіреді. |

# Қосымша опцияларды пайдалану


## Кадр пішімін реттеу

Бейнені оңтайлы өлшемде көру үшін, теледидар көріп жатқанда, **RATIO (Пішім)** түймесімен өлшемін өзгертіңіз.


**ЕСКЕРТПЕ**

- **Q. MENU (Жылдам мәзір)** түймесін басу немесе Сурет мәзірлеріндегі **Кадр пішіміне** өту арқылы да сурет өлшемін өзгертуге де болады.
- Үлкейту параметрі үшін Пішім мәзірінен **14:9**, **Үлкейту** және **Фильм ұлғайту** тармақтарын таңдаңыз. Үлкейту параметрін орнатып болған соң, дисплей қайтадан Жылдам мәзірді көрсетеді.
- Component режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең), **14:9**, **Үлкейту/Фильм ұлғайту** параметрлерін таңдауға болады.
- HDMI режимінде тек **4:3**, Бастапқы, **16:9** (Кең), **14:9**, **Масштабтау/Кинотеатрлық масштабтау** пішімдерін таңдауға болады.
- RGB-PC, HDMI-PC режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең) пішімдерін таңдауға болады.
- DTV/HDMI/Құрылғы (720p мәнін көп) күйінде, **Тек қарап шығу** параметрі қолданылады.
- Аналогтық/DTV/AV/Scart режимінде **Full Wide** («Толық кеңейту») экраны бар.

- **16:**9: бейнелерді экран еніне лайықтайды.




- **Тек қарап шығу**: бейне кескіндерді кескіннің жиегіндегі бөлшектерді жоғалтпастан бастапқы өлшемде көрсетеді.




**ЕСКЕРТПЕ**


- **Ұлғайту параметрі** ғана таңдалса, бастапқы сигналда бейненің бұрмалануын байқауға болады.

- **Бастапқы**: кең экранды сигналды қабылдағанда, теледидар автоматты түрде жіберілетін сурет пішіміне ауысады.



- **Толық кеңейту**: теледидар кең экранды сигналды алғанда, суретті экранға толығымен кеңейту үшін, сызықтық пропорцияда бейнені көлденеңінен немесе тігінен реттеуге мүмкіндік береді.

  4:3 және 14:9 бейнелері DTV кірісі арқылы келетін бейне бұрмалауларынсыз экранға толық көрсетіледі.




- **4:3**: суреттердің өлшемін алдыңғы стандартты 4:3 арақатынасына өзгертеді.



- **14:9**: сіз әлгіндей пішіні 14:9 суретті немесе теледидардағы бағдарламаны 14:9 режиммен көруіңізге болады. 14:9 экраны 4:3 экраны сияқты көрінеді, бірақ жоғары және төмен жылжиды.




- **Zoom («Ұлғайту») (үлгіге байланысты)**: кескінді экран еніне шақ етіп үлкейтеді. Кескіннің жоғарғы және төменгі жағы пайда болмауы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Жылдам мәзірлеріндегі **Арасалмақ еселігі** тармағына өтсеңіз:
  - бейнені тігінен созу үшін, жылжу түймелерін басыңыз;
  - бейнені үлкейту немесе кішірейту үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

- **Cinema Zoom** («Фильм ұлғайту»): синемаскоп 2.35:1 арақатынасындағы кескінді үлкейтеді.
- Фильм ұлғайту арақатынасын өзгерту үшін Жылжу түймелерін және оның ауқымын 1-ден 16-ға дейін басыңыз.
- Ұлғайту фокусын жоғары немесе төмен жылжыту үшін Жылжу түймелерін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер бейнені үлкейтсе немесе кішірейтсе, бейне бұрмалануы мүмкін.

## AV режимдерін өзгерту

(үлгіге байланысты)
Әрбір AV режимінде оңтайлы кескін және дыбыс параметрлері бар.
Тиісті режимді таңдау үшін **AV MODE** (AV режимі) түймесін баса беріңіз.

| Режим | Сипаттама |
|---|---|
| **Off (Өшірулі)** | Алдыңғы реттелген параметрлерге өзгерту |
| **Cinema (Кинотеатр)** | Кинематографиялық көрініс үшін оңтайлы сурет және дыбыс параметрлерін пайдаланыңыз. |
| **Game (Ойын)** | Жылдам ойын үшін оңтайлы сурет және дыбыс параметрлерін пайдаланыңыз.<br>PlayStation немесе Xbox арқылы ойын ойнаған кезде, **Game (Ойын)** режимін пайдалану ұсынылады.<br>**Game (Ойын)** режимінде тұрғанда, сурет сапасына қатысты функциялар ойын ойнау үшін оңтайландырылады. |

**ЕСКЕРТПЕ**

- AV режимінде **Off (Өшірулі)** күйі қойылса, басында орнатылған сурет пен кескін таңдалады.

## Кіріс тізімін пайдалану

### Кіріс сигналының көзін таңдау


1 Кіріс көздеріне қол жеткізу үшін **INPUT (Кіріс)** түймесін басыңыз.
- Қосылған құрылғы әрбір кіріс көзінде көрсетіледі.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Басты мәзірде **INPUT (Кіріс)** тармағын таңдап, кіріс көздерінің тізіміне өтуге болады.

2 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін Шарлау түймелері басып, **OK** түймесін басыңыз.

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.





| Кіріс көзі | Сипаттама |
|---|---|
| **Антенна** немесе **кабель** | Оны DTV/РАДИО/ТД көру барысында таңдаңыз. |
| **USB** | Оны USB пайдалану қосқышка тәуелді болған кезде таңдаңыз. |
| **AV** | Оны бейнемагнитофонды немесе сыртқы жабдықты көріп жатқанда таңдаңыз. |
| **Құрылғы** | DVD ойнатқышын немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз. |
| **RGB TOUCH (СЕНСОР)** | Оны компьютерді пайдалану қосқышка тәуелді болған кезде таңдаңыз.(Pentouch ТД үшін) |
| **RGB** | Оны компьютерді пайдалану қосқышка тәуелді болған кезде таңдаңыз. |
| **HDMI TOUCH (СЕНСОР)** | Оны DVD ойнатқышын, компьютерді немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз.<br>(For Pentouch TV) |
| **HDMI** | Оны DVD ойнатқышын, компьютерді немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз. |

Қосылған кіріс көздері қара болып, ал ажыратылған кіріс көздері сұр болып көрінеді.
- Кіріс жапсырмасын қосу шін Көк түймені басыңыз. Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтауға болады.

### Кіріс жапсырмасын қосу

Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтай алатындай етіп кіріс көзіне жапсырма қосыңыз.

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.




1 Кіріс көздеріне қол жеткізу үшін **INPUT** (Кіріс) түймесін басыңыз.

2 **Blue** (Көк) түймені басыңыз.

3 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін жылжу түймелерін басыңыз.

4 Кіріс жапсырмаларының біріне жылжу үшін жылжу түймелерін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бұл функция Pentouch режимінде істемейді.

## Теледидардағы түймелерді құлыптау (ата-аналық құлып)

Балалар жасауы мүмкін қалаусыз әрекеттерді немесе оқиғаларды болдырмау үшін теледидардағы түймелерді құлыптаңыз.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер)** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ҚҰЛЫПТАУ** параметріне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Key Lock** параметріне жылжу үшін жылжу түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 Құлыптау мүмкіндігін қосу үшін **On** күйін таңдаңыз.

- Құлыптау мүмкіндігін ажырату үшін **Off (Өшірулі)** күйін таңдаңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Теледидарды өшіргеннен кейін соңғы теледидар соңғы параметрді есте сақтап қалады.
- **Түймелерді құлыптау** мүмкіндігі қосулы болғанда теледидар өшірілсе, қашықтан басқару құралындағы ⏻, **INPUT (Кіріс)**, P ∧ ∨ (P + −) немесе сан түймелерін басыңыз.
- Түймелерді құлыптау мүмкіндігі қосулы болғанда теледидардағы кез келген түймені бассаңыз, экранда ⚠ **Key Lock** хабары пайда болады.


# Жылдам өту мәзірін пайдалану

Жиі пайдаланылатын мәзірлерді қалауыңызша өзгертіңіз.

1 Жылдам өту мәзірлеріне қол жеткізу үшін **Q. MENU (Жылдам мәзір)** түймесін басыңыз.

2 Келесі мәзірлерге жылжу үшін жылжу түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.




| Мәзір | | Сипаттама |
|---|---|---|
| ❶ | **Кадр пішімі** | Кеск.н .лшем.н .згертед. (16:9, Just Scan, Original, Full Wide, 4:3, 14:9, Zoom, Cinema Zoom) (үлгіге байланысты) |
| ❷ | **Clear Voice II («II-таза дауыс»)** | Басқа дыбыстардан адам дауысын айыру арқылы пайдаланушылардың адам дауыстарын жақсырақ естуіне көмектеседі. |
| ❸ | **Сурет режимі (үлгіге байланысты)** | Бейне режимін өзгертеді (Vivid (Айқын), Standard (Стандартты), Cinema (Кинотеатр), Game (Ойын), Expert1 (1-сарапшы), Expert2 (2-сарапшы)) |
| ❹ | **Дыбыс режимі** | Дыбыс режимін өзгертеді (Standard (Стандартты), Music (Музыка), Cinema (Кинотеатр), Sport (Спорт), Game (Ойын)) |
| ❺ | **Дыбыс** немесе **Дыбыс тілі параметрін таңдаңыз.** | Дыбыс шығысын өзгертеді. |
| ❻ | **Sleep Timer (Автосөндіру таймері)** | Уақыт ұзақтығын теледидар өшірілгенше дейін орнатады |
| ❼ | **Өткізуді өшіру/қосу** | Өткізуді өшіру/қосуды орнатады. |
| ❽ | **USB Device («USB құрылғысы»)** | USB құрылғысы қосылған кезде USB құрылғысын шығарады |

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бар мәзірлер және опциялар қолданыстағы кіріс көзінен өзгеше болуы мүмкін.

3 Қажетті опция өту үшін, Жылжу түймелерін басыңыз.

4 **Аяқтағанда, Q.MENU** ( Жылдам мәзір) түймесін басыңыз.

# Тұтынушы қолдауын пайдалану

## Бағдарлама жаңартуын тексеру

Бағдарламаны сандық жерүсті хабар тарату жүйесі арқылы жүктеп алу үшін.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер) түймесін** басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.


3 **Бағдарламаны жаңарту** тармағына өту үшін жылжу түймелерін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **On** күйіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
- Егер **On** күйі таңдалса, жаңа бағдарламалық жасақтаманың табылғанын ескерту үшін пайдаланушы растауы терезесі пайда болады.


5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**«Бағдарламаны жаңарту»** орнатқан кезде


- Кейде, жаңартылған цифрлық бағдарламалық ақпараттың жіберілуі теледидардың экранында келесі мәзірде болдырады.





- Қарапайым жаңарту: қазіргі жаңарту ағымы үшін




- Кестені жаңарту: жоспарланған жаңарту ағымы үшін
- Бағдарламаны жаңарту мәзірі «**Off (Өшірулі**)» күйінде болған кезде, оны «**On (Қосу**)» күйіне өзгерту туралы хабар пайда болады.
- «**Yes (Иә**)» жауабы таңдалған кезде, файлды қотару басталады. Осы кезде қотару барысын көрсететін қалқымалы терезе көрінбейді.
- Қотару барысын Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірінде тексеруге болады.




- Жүктеу аяқталғанда, теледидар өшіп, қайта қосылады.




### ЕСКЕРТПЕ

- **Бағдарламалық құралдың жаңартылуы** барысында мынаны есте сақтаңыз:
  - Теледидарға қоректенудің берілуі үзілмеу керек.
  - Антеннаны ажыратуға болмайды.
  - **Бағдарламалық құрал жаңартылғаннан** кейін оның жаңа нұсқасын Бағдарламалық құралды жаңарту мәзірінде растауға болады.
  - Бағдарламалық жасақтаманы қотарып алу үшін бірнеше сағат керек, сондықтан қотару кезінде қуаттың болуын қадағалаңыз.
  - Бағдарламалық жасақтама тек күту режимінде немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-те қотарылады және қуат сымы суырылғанда немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметінсіз MUX қараған кезде тоқтайды.
  - Сіз Күту режиміне немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-ке оралғанда, бағдарламалық жасақтаманы қотару тоқтаған жерінен қайта басталады.

## Суретті / дыбысты тексеру

Сурет және дыбыс тексеруін орындау үшін.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер)** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Суретті тексеру** немесе **Дыбысты тексеру** параметріне өту үшін жылжу түймелерін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **Yes (Иә)** параметріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

## Сигнал тексеруді пайдалану

Өндіруші, үлгі/түрі, сериялық нөмірі және бағдарлама нұсқасы туралы қосымша ақпарат алу үшін.

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер) түймесін** басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Сигнал тексеру** тармағына өту үшін жылжу түймелерін басыңыз.

4 **OK** түймесін басыңыз.
- Өндіруші, үлгі/түрі, сериялық нөмірі, бағдарлама нұсқасы және арна туралы ақпарат.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бапталған мультиплексордың сигнал күшін және ақпаратты көрсетеді.
- Сигнал және таңдалған мультиплексордың қызметтік аты туралы ақпаратты көрсетеді.
(*MUX: сандық таратудағы арналардың жоғарғы директориясы (дара MUX түрлі арналарды қамтиды.))

## Өнімді немесе қызмет ақпаратын пайдалану

Өнімді немесе қызмет ақпаратын тексеру үшін

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер)** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Өнім/қызмет ақпаратына** өту үшін жылжу түймелерін басыңыз.
Үлгіге негізделген әр түрлі өнім/қызмет ақпаратын тексеруге болады.

4 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде ⮌ түймесін басыңыз.

# PENTOUCH

(Тек PENTOUCH ТД)

## Pentouch қаламсабын пайдалану

Pentouch режимі сізге Sketchbook (Альбом), Photo Editor (Фотосурет өңдегіші), Family Diary (Отбасылық күнделік) , Gallery (Галерея), Internet (Интернет) және My Office (Менің кеңсем) қызметін пайдалануға мүмкіндік береді.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Сенсорлы қалам мен қондырғыны түсіріп алмаңыз немесе лақтырмаңыз. Сенсорлы қалам мен қондырғыға зарядтау кабелі жалғанып тұрғанда, оны шайқамаңыз. Бұл өнімді зақымдауы немесе адамды жарақаттауы мүмкін.
- Жүрек стимуляторы бар адамдар сенсорлы қалам мен қондырғы және стимулятор арасында кемінде 30 см қашықтық сақтауы керек. Оны сымсыз байланысқа тыйым салынған жерлерде ешқашан қолданбаңыз. Оны артық дірілден немесе магнитті заттардан қорғаңыз. Сымсыз байланыстар дұрыс жұмыс істемеуі немесе қате тудыруы мүмкін.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны тікелей күн сәулесі түсетін, ыстық затқа жақын (мысалы, жылытқыш немесе ошақ) немесе шаңды, ылғалдылығы жоғары жерлерде пайдаланбаңыз және сақтамаңыз. Бұл өнімнің бұзылуын, дұрыс жұмыс істемеуді, қатені немесе өртті тудыруы мүмкін.
- Әдеттен тыс дыбыс, түтін немесе иіс шығарса, зарядтау кабелін дереу ажыратып, құралды қолдануды тоқтатыңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Құрал істемей қалуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыдан сұйықтық ақса, оны ашық қолмен ұстамаңыз. Сұйықтық көзге тисе, көзді жеткілікті сумен шайып, дәрігерге қаралыңыз. Сұйықтық көру қабілетінен арылтуы мүмкін. Сұйықтық теріге немесе киімге тисе, дереу ағын сумен жуып тастаңыз. Сұйықтықтан тері ісіп кетсе немесе жараланса, дәрігерге қаралыңыз.
- Сұйықтықты отқа жақындатпаңыз. Өнімді қысқа толқынды немесе конвекциялық пеште қыздырмаңыз.
- Батареяны зарядтау үшін арнайы USB кабелін пайдаланыңыз.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны балалардың қолы жетпейтін және тұрақты жерге қойыңыз. Балалардың немесе үй жануарларының сенсорлы қалам мен қондырғыны ауызға салмауын және жаламауын қадағалаңыз. Онымен ойнау немесе жұтып қою ауыр жарақат тудыруы мүмкін.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны су қолмен ұстамаңыз. Сенсорлы қалам мен қондырғының ішіне бөтен заттардың (мысалы: сусын немесе су) кіріп кетпеуін қадағалаңыз; ондай жағдай орын алса, сенсорлы қалам мен қондырғыны пайдаланбаңыз. Сенсорлы қалам мен қондырғының оптикалық қабылдағышына өткір заттарды тигізбеңіз. Бұл ток соғуды немесе өнім зақымдануын тудыруы мүмкін.
- Құралды өте ыстық немесе аса суық температурада пайдаланбаңыз. Өнімді суық жерден жылы жерге кіргенде, бірден қолданбаңыз. Қаламсаптың ішінде су буланып мүмкін. * Бұдан өнім зақымданады. Өнімді қолданбас бұрын, қуат көзін өшіріп, ылғал буланып болғанша бірнеше сағат күтіңіз.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны еш уақытта бөлшектемеңіз және өзгертпеңіз. * Өнімнің кепілдігі рұқсатсыз бөлшектеуден болған зақым немесе жарақатты қамтымайды. Бұл ток соғуды немесе өнім зақымдануын тудыруы мүмкін.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыдан сұйықтық ақса, жақын жерде от жағуға қатаң тыйым салынады. Төгілген сұйықтық немесе газ өрт немесе зақым тудыруы мүмкін.
- Өнімге қатты күш түсірмеңіз, мысалы, үстіне ауыр заттар қоймаңыз және баспаңыз.
- Экранда бір таңбалардың немесе суреттердің ұзақ уақыт көрсетіліп қалмауын қадағалаңыз. Сурет қатып қалуы мүмкін.
- Зарядтау кабелін көрсетілмеген сыртқы құрылғыларға немесе дискілерге жалғамаңыз. Құрал жұмысында ақаулық пайда болуы немесе істемей қалуы мүмкін.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны еденде қалдырмаңыз. Үстінен басып кетсе, өнім зақымдануы немесе жарақат тудыруы мүмкін.

- Өнімді қоқысқа тастағанда абай болыңыз. Сенсорлы қалам мен қондырғы литий-полимер батареясы мен пластмасса материалдан тұрады. Отқа тастау қауіпті болуы мүмкін, сондықтан оны жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.
- Зарядтау кабелін қатты күшпен тартып ажыратпаңыз. Зарядтау портына немесе компьютерге зақым келтірілуі мүмкін.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны күштеп ұстамаңыз. Сенсорлы қалам мен қондырғыны күштеп ұстасаңыз, экранда бөтен заттар қалуы мүмкін. Өнімді берілген өнімді тазалау шүберегімен тазалаңыз.
- Сенсорлы қалам мен қондырғыны бірнеше адам пайдаланғанда, орын жеткілікті екенін тексеріңіз. Соғысудан жарақат орын алуы немесе құрылғы істемей қалуы мүмкін.

## Pentouch бағдарламасын пайдалану қадамы

Pentouch функциясын пайдалану үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Орнатпас бұрын жүйе талаптарын қарап алыңыз.

2 Орнату ықшам дискісіненPentouch бағдарламасын орнатыңыз.

3 Қалам мен адаптерді жұптастырыңыз.

4 Компьютерге немесе теледидарға жалғаңыз.

5 Компьютердің экранын реттеңіз.

6 Теледидарда Pentouch режимін қосыңыз.

7 Pentouch бағдарламасын іске қосыңыз.

## Жүйе талаптары

Қаламсап дұрыс жұмыс істеу үшін, драйверлер дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- Windows 7 Starter Edition жүйесіне қолдау жоқ.

| Қолдау көрсетілетін амалдық жүйе | |
|---|---|
| Windows XP | 32 бит |
| Windows Vista<br>Windows 7 | 32 бит |
| | 64 бит |

Pentouch үшін ұсынылған жүйе талаптары

- Орталық процессор: Dual-Core 2 ГГц немесе одан жоғары
- Жад: 1 ГБ немесе одан көп
- Қатты диск: 500 МБ немесе одан көп
- Дисплей: 1024x768 графикалық картасы, RGB немесе HDMI шығыс порты арқылы
- Мультисенсорлық мүмкіндігі бар болғандықтан, Windows 7 жүйесін пайдалану ұсынылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бірге болатын бағдарламалық құралды орнату немесе жою үшін, әкімші ретінде кіруіңіз қажет.
- Берілген ықшам дискісіндегі драйверлерді міндетті түрде орнатыңыз.
- Бұл бағдарламаны LG Electronics веб-торабынан жүктеп алуға да болады.
- Драйверлерді орнату алдында ашық тұрған қолданбалардың бәрін жауып қойыңыз.
- Жаңа нұсқаны орнатпастан не қайта орнатпастан бұрын, компьютерге орнатылған Pentouch бағдарламасының ескі нұсқасын жойыңыз.

## Pentouch бағдарламасын орнату

Бағдарламаны орнату үшін осы нұсқаулықта берілген қадамдарды орындаңыз.

1 Компьютерді дайындап, іске қосыңыз.

2 Компьютер қосылғаннан кейін берілген ықшам дискісін енгізіңіз. Автоматты түрде орнату экраны көрсетіледі.
(Орнату экраны автоматты түрде көрсетілмесе, орнату экранын көру үшін Менің компьютерім қалтасына кіріп, LG және index.htm файлын басыңыз.)

3 Орнату терезесіндегі [Pentouch бағдарламасын орнату] түймесін басыңыз. Орнату үшін әдепкі қалта пайдаланылады. Орнатудың сәтті аяқталғанын көрсететін терезе пайда болады.

4 Windows XP амалдық жүйесінде [Жаңа құрылғы табылды шебері] драйверді автоматты түрде орнатады.

5 Орнатып болғаннан кейін компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бағдарламаны орнату үшін, алдымен USB-адаптерді ажыратыңыз.

## Pentouch бағдарламасын жою

Pentouch бағдарламасында проблема бар немесе бағдарламаны пайдалану барысында қате орын алса, бағдарламаны жойып, оларды қайта орнату үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Компьютерде Pentouch бағдарламасын жою үшін, [Start] (Бастау) → [Control Panel] (Басқару тақтасы) → [Add/Remove Programs] (Бағдарламаларды қосу/жою) тармақтарын таңдаңыз.
- Орнатылған Pentouch бағдарламасы: LG Pentouch TV

2 [Yes] (Иә) жауабын таңдаңыз.
Бағдарламаның/драйвердің жойылғанын хабарлап терезе пайда болады.

3 Бағдарламаны жойған соң, компьютерді өшіріп қосыңыз.

## Сенсорлы қалам мен адаптерді жұптастыру


### Жұптастыру деген не?

Қаламды пайдалану үшін, алдымен оны адаптермен жұптастыру қажет.
Жұптастырған соң төмендегі жағдайлар орын алмаса, оларды қайта жұптастырудың қажеті жоқ:


- жаңа қалам сатып алынды;
- ескі қалам жаңасымен алмастырылды;
- екі қаламды бірге пайдалану мақсатымен жаңа қаламды жұптастыру әрекеті жасалды.

### Жұптастыру алдында білу қажет

- Бұл бағдарлама екі қалам мен бір адаптерді жұптастыруға мүмкіндік береді.
- Екі қаламды бірге пайдалану үшін, оларды адаптермен бір-бірлеп жұптастыру керек.
- Жұптасқан қалам пайдаланылып жатса, жұптастыру мүмкін болмайды.
- Адаптермен екі қалам жұптасып қойғаннан кейін жаңа сенсорлық қаламды жұптастырса, бұрынғы жұптасу деректерінің бәрі жойылады.




## Қаламсап




| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | Қуат түймешігі / жарық диод көрсеткіші |
| 2 | USB зарядтау порты |
| 3 | Touch Home түймесі |
| 4 | Қаламсаптың ұшын ауыстыру |

## Қондырғы



USB зарядтау порты

## Бітеуіш кілт



Көрсеткіш жарық диоды

### ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша ақпарат алу үшін, пайдаланушы нұсқаулығына(сенсорлы қаламсап,адаптер) жүгініңіз.
- Сенсорлы қаламсаптар, адаптерлер мен қондырғыларды LG Electronics дүкендерінде бөлек сатып алуға болады.
- Қаламсап белгілі бір уақыт (10 минут) қолданылмай тұрса, қалам автоматты түрде өшіп қалады.

## Бірінші рет жұптастыру

1 Компьютерге жалғанған адаптердегі жарық диод көрсеткішінің қызыл екенін тексеріңіз.

2 Сенсонлы қалам адаптерден 30 см қашықтықта орналасу керек.

3 Қаламдағы ⏻**(Қуат)** түймесін бір рет басыңыз.

4 Сенсорлық экрандағы жарық диод көрсеткіші 2 секунд қызыл болып жанады да, жұптастыру аяқталғанда 3 рет жасыл болып жыпылықтайды.

5 Жарық диод көрсеткіші 4~5 секунд қызыл болып, 3 рет жасыл болып жыпылықтаса, жұптастыру сәтті болмағаны. Қайта жұптастырып көріңіз.

6 Бір қалам жұптасқаннан кейін, **Touch Home** түймесін басқан кезде қызыл жарық диод бір рет жыпылықтайды.

## Жұптасу іске аспағанда

1 Компьютерге адаптер драйвері орнатылмаған болса, жұптасу іске аспайды.

2 Адаптердегі жарық диоды қызыл болмаса, жұптасу іске аспайды.

3 Адаптерді компьютерден ажыратып, қайта қосыңыз да, жұптастырып көріңіз.

## Жұпты ажырату (қаламсапты қалпына келтіру)

1 Сенсорлық қаламдағы **Touch Home** түймесін басыңыз, қызыл жарық диоды бір жанып-өшу керек.

2 **Touch Home** түймесі мен ⏻ (Қуат) түймесін, ретіне қарамай-ақ, 4 секундтан артық басыңыз.

3 4 секундтан кейін түймелерді босатсаңыз, қалам қалпына келеді. Қызыл жарық диод үш рет жыпылықтап, қалам өшеді.

## Жұпты ажыратуға қатысты ескерту

1 Қаламды жұптан байқаусызда ажыратып қоймаңыз. Ажырап қалса, қайтадан жұптастырып көріңіз.

2 Дұрыс істеп тұрған қаламды ажыратып, қайтадан жұптастырса, екінші жұптастырылған қалам істемей қалуы мүмкін. Бұл жағдайда істемейтін қаламды жұптан ажыратып, «Бірінші рет жұптастыру» бөлімінде сипатталған жолмен қайта жұптастырыңыз.

## Қаламсапты қолдану

Жұптастырғаннан кейін, қаламсапты төмендегі жолдармен пайдалануға болады.

1 Қосу
- ⏻ (Қуат) түймесін бір рет басыңыз. Қуаттың қосулы екенін көрсетіп, қызыл және жасыл жарық диодтары жанып тұрады.

2 Өшіру
- ⏻(Қуат) түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз да, босатыңыз. Қызыл жарық диод үш рет жыпылықтап, қалам өшеді.

3 Сенсорлық қаламды қолдану барысында **Touch Home** түймесін басу
- Pentouch бағдарламасында: мүмкіндіктің құралдар тақтасын көрсетеді немесе жасырады.
- Windows жүйесінде: тінтуірдің оң жақ түймесін басу қызметін атқарады. Тінтуірдің оң жақ түймесімен басу керек нысанды қаламсаппен меңзеп, түймесін басыңыз.

4 Windows XP немесе Windows Vista жүйесінде екі рет басу функциясы көзделгендей істемеуі мүмкін. Ондай жағдайда оның орнына **Touch Home** түймесін (оң жақ түймені басу) пайдаланыңыз.


5 Қаламсап Windows жүйесіндегі тінтуір сияқты қызмет атқарады.

## Ұшын ауыстыру

1 Ауыстырылатын ұш ұстағышы мен ұшты қаламнан алыңыз.





2 Алынған ұш ұстағышқа жаңа ұшты салып, ұш ұстағышты қаламға бекітіңіз.





## Сенсорлық қаламды зарядтау

1 Қондырғыда зарядтау




2 Тікелей зарядтау




## ЕСКЕРТПЕ

- 1сағат 30 минут үздіксіз зарядталғаннан кейін сенсорлық қаламды 2 сағатқа жуық пайдалануға болады.
- Зарядтап жатқанда, Pentouch дұрыс істемеуі мүмкін.
- Жасыл ЖШД сенсорлы қаламды пайдалану кезінде жанады. Сенсорлы қаламды пайдаланбасаңыз, ол 10 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
- Қаламсаптағы жарық диодының батарея күйін көрсетуі
  - зарядталып жатқанда: қызыл
  - зарядталып болғанда: жасыл
  - заряды таусылды: секунд сайын қызыл жарық диоды жанып, қуат автоматты түрде өшеді.
  - ЖШД ҚОСУЛЫ ұйқы режимі: Егер 10 секунд бойы ешқандай қосқыш (ұш қосқышы, функция пернесі, қуат пернесі) басылмаса, құрылғы ұйқы режиміне өтеді, бірақ ЖШД жасыл болып тұрады
  - ЖШД ӨШІРУЛІ ұйқы режимі: ЖШД ҚОСУЛЫ ұйқы режиміне өткеннен кейін бір минут бойы ешқандай енгізу болмаса, ЖШД өшеді де, құрылғы ЖШД ӨШІРУЛІ ұйқы режиміне өтеді
  - Қуат өшірулі режимі: Құрылғы ұйқы режимінде бір минут болғаннан кейін тоғыз минут бойы ешқандай енгізу болмаса, құрылғы өшеді
- Егер кабель теледидарға жалғанған болса, теледидар қосулы немесе күту режимінде кезде қалам зарядталады.
- Егер қалам теледидарға зарядтау кабелі арқылы тікелей жалғанған болса, теледидар күту режимінде тұрған кезде қалам зарядталмайды.

## Pentouch функциясын пайдалану

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.

Pentouch функцияларын пайдалану үшін төмендегі заттар қажет:
- RGB немесе HDMI шығыс порты бар компьютер;
- RGB немесе HDMI кабелі.

1 Теледидар мен компьютерді RGB немесе HDMI кабелі арқылы жалғағаннан кейін қашықтан басқару құралынан INPUT (Кіріс) түймесін басып, компьютерге жалғанған кіріс көзін таңдаңыз.

2 «Pentouch қаламына арналған Дисплей ажыратымдылығының параметрі» бөлімін қарап, компьютерді реттеңіз. Компьютеріңіз ноутбук болса, бейнені компьютер экранында емес, тек теледидарда көрсетілетін етіп реттеу қажет.

3 Теледидарда Pentouch режиміне кіріңіз.

- Негізгі мәзірлерге өту үшін, қашықтан басқару құралындағы **INPUT** немесе **SETTINGS (Параметрлер) түймесін** басыңыз. Жылжу түймелерінің көмегімен **Pentouch** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Pentouch режиміне кіру үшін дұрыс компьютер кірісі қосылымын таңдаңыз.




5 Сенсорлы қалам немесе тінтуір көмегімен Pentouch бағдарламасын іске қосыңыз. Сенсорлық қаламдағы **Touch Home** түймесін басқанда, тінтуірдің оң жақ түймесін басқандағы пәрмен орындалады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Pentouch функциясын пайдаланып жатып теледидарды өшіріп, қайта қоссаңыз, жұмыс жасап отырған соңғы экран көрсетіледі.
- Pentouch режимінен басқа режимге ауысу үшін, қашықтан басқару құралындағы **INPUT** (Кіріс) түймесін басып қажетті кіріс көзін таңдаңыз немесе TV (Теледидар) түймесін басып **теледидар** көру экранына оралыңыз.

## Pentouch қаламына арналған Дисплей ажыратымдылығының параметрлері

### Дербес компьютерде

Windows XP амалдық жүйесінде

Жұмыс үстелінде тінтуірдің оң жақ түймесін басып, [Properties] (Сипаттар) тармағын таңдаңыз. [Display Properties] (Дисплей сипаттары) терезесіндегі [Settings] (Параметрлер) қойындысы астында экран ажыратымдылығын 1024 x 768 мәніне қойыңыз.

Windows Vista амалдық жүйесінде

Жұмыс үстелінде тінтуірдің оң жақ түймесін басып, [Personalize] (Дербес реттеу) және [Display Settings] (Дисплей параметрлері) тармақтарын таңдаңыз. [Resolution] (Ажыратымдылық) бөлімінде экран ажыратымдылығын 1024 x 768 мәніне қойыңыз.

Windows 7 амалдық жүйесінде

Жұмыс үстелінде тінтуірдің оң жақ түймесін басып, [Screen Resolution] (Экранның ажыратымдылығы) тармағын таңдаңыз. [Resolution] (Ажыратымдылық) бөлімінде экран ажыратымдылығын 1024 x 768 мәніне қойыңыз.

### Ноутбукта

1-әдіс:

Ноутбуктың пернетақтасында "Fn + экранды ауыстыру" пернесін басып, теледидар экранында компьютер экранын көрсетіңіз, компьютер дисплейінің ажыратымдылығын 1024x768 мәніне қойыңыз.
* Ескертпе. Ноутбуктың экранды ауыстыру пернесіне өндіруші басқа функция тағайындаған болуы мүмкін.

| LG | Samsung | HP | Toshiba |
|---|---|---|---|
| Fn+F7 | Fn+F4 | Fn+F5 | Fn+F5 |
| Sony | Acer | Dell | Lenovo |
| Fn+F7 | Fn+ F5 | Fn + F8 | Fn + F7 |

2-әдіс:

Компьютердегі графикалық карта туралы басқару тақтасын ашыңыз.
[Көрсету режимі] параметрін [Single Display] (Бір дисплей) мәніне орнатып, қолданылатын дисплей ретінде [LG TV] тармағын таңдаңыз.
* Компьютер экранының ажыратымдылығын 1024 x 768 мәніне қойыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Дисплей ажыратымдылығының параметрлерін өзгерту әдісі компьютердің конфигурациясына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Pentouch құрылғысы қос монитор режимін немесе көшірме (айналық) монитор режимін қолдамайды. Компьютер экраны тек теледидарда көрсетілетін етіп реттелгенін тексеріңіз.
- Ноутбуктың экранды ауыстыру пернесіне өндіруші басқа функция тағайындаған болуы мүмкін.

## ЕСКЕРТУ

- Windows XP және Vista амалдық жүйелері сенсор драйверлерін пайдаланбайтындықтан, екі рет басу функциясы бұл жүйелерде көзделгендей істемеуі мүмкін.
- Компьютердің жұмысына байланысты Pentouch жұмысы баяулауы мүмкін.
- Компьютердің шығыс портын ажыратып, қайта қоссаңыз, экранның өлшемі өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда компьютердің ажыратымдылығын қайта орнатыңыз.
- Экранды ауыстыру пернесін (Fn + өндіруші тағайындаған перне) басқанда, теледидар мен ноутбуктың экранында ешнәрсе көрсетілмесе, пернені қайтадан басып көріңіз.
- Экранды ауыстыру пернесін (Fn + өндіруші тағайындаған перне) басқанда, теледидар экраны кішірейіп көрсетілуі мүмкін. Ондай жағдайда ажыратымдылықты қайта реттеңіз.
- Windows 7 жүйесінде жұмыс үстеліндегі белгішені өзгерту Pentouch бағдарламасына әсер етуі мүмкін.
- Pentouch бағдарламасын пайдаланғанда, басқа қолданбаларды ашпаған жөн.
- Компьютер мен теледидар компьютерлік сигнал (RGB) кабелімен жалғанғанда, теледидар экранында сенсорлық қаламмен түртілген нүкте мен компьютер экранында түртілді деп шыққан нүкте сәйкес келмесе, теледидардың қашықтан басқару құралымен [SETTINGS] (Параметрлер) → [PICTURE] (Сурет) → [SCREEN] (Экран) (RGB) параметрлері ішінен [Auto Configure] (Авто конфигурация) тармағын таңдап, экранды реттеңіз.
- Компьютер мен теледидар компьютерлік сигнал (RGB) кабелімен жалғанса, теледидардан дыбыс шықпайды. Компьютер мен теледидарды компьютерлік дыбыс кабелімен жалғаңыз.
- Photo Editor (Фотосурет өңдегіші) мәзіріндегі Бейнені ойнату функциясы компьютерде орнатылған кодектерге байланысты көзделгендей жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сурет салу нысандары бірінің үстіне бірі қойылса, өшіргіш функциясы баяулауы мүмкін, бағдарламаның жұмысы компьютер ортасына байланысты болады.
- Window XP немесе Vista амалдық жүйесінде бағдарламаларды бір рет басып ашу керек болса, компьютерде Start (Бастау) →Control Panel (Басқару тақтасы) → Folder Options (Қалта опциялары) мәзірінен «Single-click to open an item (point to select)» (Элементті ашу үшін бір рет басу (таңдау үшін нұқу)) тармағын таңдаңыз.
- Компьютеріңізге Windows XP жүйесі орнатылған болса, виртуалды пернетақта тек ағылшын тілін қолдайды.
- Pentouch режиміне ауысқанда немесе Pentouch режимінде ажыратымдылықты RGB кіріс сигналдары үшін ауыстырғанда, автоматты реттеуге байланысты суреттер біраз уақыт бойы дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Қалам мен адаптер арасында көптеген метал кедергілері жоқ екенін тексеріңіз. Әйтпесе, функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Pentouch функциясы басқа жарық көздерінен түскен жарыққа байланысты ТД тым ашық болса, дұрыс жұмыс істемейді.
- Бірнеше түрту қимылының параметрі ажыратылған болса, Windows 7 амалдық жүйесі үшін екінші қалам дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.

# Pentouch функцияларын тексеру

- Көрсетілген сурет теледидарыңыздан өзгеше болуы мүмкін.


Pentouch бағдарламасын іске қосқанда, төменгі жақта бастапқы экран көрсетіледі.

1 Негізгі мәзірлерді ашу үшін, қашықтан басқару құралының ПАРАМЕТРЛЕР мәзіріндегі KIPIC түймесін басыңыз. Одан кейін, шарлау түймелерін басып, Pentouch тармағына апарыңыз да, OK түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Pentouch функцияларына басты мәзірлерде **Pentouch** тармағын таңдау арқылы кіруге де болады.

2 **Sketchbook (Альбом)**, **Photo Editor (Фотосурет өңдегіші)**, **Family Diary (Отбасылық күнделік)**, **Gallery (Галерея)**, **Internet (Интернет)** немесе **My Office (Менің кеңсем)** тармағын таңдау үшін сенсорлық қаламмен экранды түртіңіз.




| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | **Альбом** Қалаған фонды таңдап, оның үстіне суреттер салыңыз. |
| 2 | **Photo Editor (Фотосурет өңдегіші)** Фотосуреттердің немесе бейнелердің үстіне суреттер салыңыз немесе бар суреттерді өңдеңіз. |
| 3 | **Отбасылық күнделік** Отбасылық оқиғаларда жасалған фотосуреттер, бейнелер, жазбалар мен көріністердің күн бойынша реттелген журналы. |
| 4 | **Gallery (Галерея)** Sketchbook (Альбом), Photo Editor (Фотосурет өңдегіші), Internet (Интернет) және My Office (Менің кеңсем) ішіне салынған және сақталған суреттер жиыны. |
| 5 | **Интернет** Веб-шолғыш арқылы веб мазмұнын жүктеп, үстіне сурет салыңыз немесе жазбалар жазыңыз. |
| 6 | **Менің кеңсем** Microsoft Office және PDF файлдарында әйнек әсерін қолдайды. |
| 7 | Қаламсаптағы батарея зарядының деңгейі |
| 8 | Қалтаның орналасуын, экран сақтағышын және тіл параметрлерін сақтау және ашу |
| 9 | Pentouch бағдарламасынан шығыңыз. |

**Күйге келтіру** пәрменін таңдау үшін:

1 Pentouch бастапқы экранынан қаламсаппен Күйге **келтіру** пәрменін таңдаңыз.

2 Қалаған мәзір опциясын таңдаңыз.


| Опция | Сипаттама |
|---|---|
| Ашу қалтасы | Фотосуреттер немесе бейне файлдары ашылатын қалтаны таңдаңыз. |
| Сақтауға арналған қалта | Суреттер сақталатын қалтаны таңдаңыз. |
| Экран сақтағышы | Экран сақтағышы тұратын уақытты таңдаңыз. |
| Тіл | Жұмыс істеу тілін таңдаңыз. |

ҚАЗАҚША

# Құралдар тақтасын пайдалану

Сурет салу құралдар тақтасын барлық мәзір экрандарында пайдалануға болады.


Құралдар тақтасын көрсету үшін, қаламсаппен экранның төменгі жағын түртіңіз.



Құралдар тақтасының екі түрі бар: тұрақты және тағайындалған.

- Тұрақты құралдар тақтасында барлық мәзірлер үшін қолданылатын функциялар берілген.
- Тағайындалған құралдар тақтасында ерекше мәзірлерге арналған функциялар болады.

## Құралдар тақтасының тұрақты функциялары




| № | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | Қалпына келтіру: артқы фонды және барлық суреттерді алып тастау. |
| ❷ | Болдырмау: соңғы 5 әрекетке дейін болдырмау. |
| ❸ | Сурет салу құралдары: сиялы қалам, белгілегіш қалам, сиқырлы қалам. |
| ❹ | Қолданыстағы сурет салу құралының қалыңдығын таңдаңыз. |
| ❺ | Түспен бояу: тұйық аймақты таңдалған түспен бояу. |
| ❻ | Өшір-ш |
| ❼ | Түс таңдағыш: қолданыстағы сурет салу құралының түсін таңдау. |
| ❽ | Еркін түс таңдағыш: түс дөңгелегінен кез келген түсті таңдау. |
| ❾ | Сақтау |
| ❿ | Басып шығару<br>Принтерді, басып шығару аумағын және көшірмелер санын орнатыңыз. Алдын ала көруге де болады. |


* Құралдар тақтасының арнайы функцияларының сипаттамалары мәзір функциясы сипаттамасының бөлімінде берілген.

# Альбомды пайдалану

Қалаған фонды таңдап, оның үстіне суреттер салыңыз.


1 Альбом опциясын таңдау үшін, экранды қаламсаппен түртіңіз.


2 Қаламсаппен экранды түрту арқылы қажетті опцияны таңдаңыз немесе құралдар тақтасын пайдаланып сурет салыңыз.








| № | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | Gallery (Галерея) опциясына кіреді. |
| ❷ | Pentouch бастапқы мәзіріне кіреді. |
| ❸ | Олардың көмегімен алдыңғы немесе келесі бетке өтіңіз.<br>3 бетке дейін жылжуға болады. |
| ❹ | Ашық тұрған беттің орналасуы |
| ❺ | Құралдар тақтасының функциялары |


## Құралдар тақтасының арнайы функциялары




| Мәзір | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | Артқы фонға қойылатын суретті таңдаңыз.<br> |
| ❷ | Негізгі суреттерді енгізіңіз.<br>Қажетті белгішені таңдап, әдепкі өлшемді сурет жасау үшін жай түртіңіз.<br> |
| ❸ | Мәтін енгізіңіз.<br>Мәтін енгізілетін аймақты таңдасаңыз, экранда пернетақта көрсетіледі.<br>Кейбір амалдық жүйелер үшін екі виртуалды пернетақта көрсетілуі мүмкін.<br> |

ҚАЗАҚША

| | |
|---|---|
| ❹ | Түзу сызық, қалам немесе бір пішінді созғанда, бір жолы тек бір нысанды өзгертуге немесе өлшемін өзгертуге болады.<br><br>Нысанды сәл ғана түртіп, сүйресеңіз, таңдалған нысан аймағы көрсетіледі.<br><br>Жылжыту<br>Таңдалған нысанның аймағын сүйреу арқылы нысанды жылжытуға болады.<br><br>Үлкейту / Кішірейту<br>Таңдалған нысанның 8 бұрышының бірін сүйреу арқылы нысанды үлкейтуге немесе кішірейтуге болады. Нысанның өлшемі тиісті бұрыш/жақ негізінде өзгертіледі.<br><br>Бұру<br>Таңдалған нысанды бұру үшін, бұрып сүйреңіз.<br> |
| ❺ | Ауқымды кесіп, жылжыту / үлкейту / кішірейту / бұру.<br> |


| | |
|---|---|
| ❻ | Нысанды экраннан жойыңыз.<br> |

# Photo Editor (Фотосурет өңдегіші) опциясын пайдалану

Фотосуреттердің немесе бейнеден алынған кескіндердің үстіне сурет салуға немесе бар суреттерді өңдеуге болады.


1 **Photo Editor (Фотосурет өңдегіші)** опциясын таңдау үшін, экранды сенсорлық қаламмен түртіңіз.

2 Қажетті опцияны таңдау үшін, экранды қаламсаппен түртіңіз.




| № | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | Gallery (Галерея) опциясына кіреді. |
| ❷ | Pentouch бастапқы мәзіріне кіреді. |
| ❸ | Олардың көмегімен алдыңғы немесе келесі бетке өтіңіз. |
| ❹ | Фотосуреттер тізімі көрінісінің опциясын таңдаңыз. (Шашыраңқы көрініс /Сұрыпталған көрініс) |
| ❺ | Бет ішінде жылжуға арналған айналдыру жолағы |
| ❻ | Бір жолы тек бір бейнені ойнатуға болады; оған дейін ойнатылған бейне кідіртіледі. |

3 Безендірілетін фотосуретті немесе бейнені таңдаңыз. Құралдар тақтасы көмегімен фотосуретті безендіруге болады.





| № | Сипаттама |
|---|---|
| ❶ | Gallery (Галерея) опциясына кіреді. |
| ❷ | Photo list (Фотосуреттер) тізімін ашады. |
| ❸ | Қалтадағы барлық суреттер мен бейнелердің алдын ала көрінісі осында көрсетіледі. (жаңасынан ескісіне қарай) |
| ❹ | Құралдар тақтасының функциялары |


**ЕСКЕРТПЕ**

- Бейнемен жұмыс істегенде Photo Editor (Фотосурет өңдегіші) опциясында пайдалану үшін кідірте тұру түймесін пайдаланып, кідіртілген кадр кескінін шығарып алуға болады.
- **Photo List (Фотосуреттер)** тізімінде сақталған фотосуреттерді немесе бейнелерді өңдеуге болады.
- Компьютерге байланысты ТД бейне файлдарды Pentouch режимінде дұрыс ойнатпауы мүмкін.

ҚАЗАҚША

## Құралдар тақтасының арнайы функциялары




| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | Сурет жақтауы.<br> |
| 2 | Нысанды жылжытыңыз.<br><br>Нысанды таңдасаңыз, кішкене қалқыма терезе пайда болады. |
| |  Алдыңғы фонға шығару. |
| |  Артқы фонға жіберу. |
| |  Жою. |
| 3 | Суреттен қиып алыңыз.<br><br><br>Қиылатын аймақты таңдағаннан кейін, өлшемді өзгертуге болады.<br> |

## Отбасылық күнделікті пайдалану


Отбасылық оқиғаларда жасалған фотосуреттер, бейнелер, жазбалар мен көріністердің журналын жүргізуге болады.

1 **Отбасылық күнделік** опциясын таңдау үшін, экранды қаламсаппен түртіңіз.

2 Қаламсаппен қалаған күнді таңдаңыз.




3 Отбасылық күнделікті жасау және безендіру үшін құралдар тақтасын пайдаланыңыз.





| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | Pentouch бастапқы мәзіріне кіреді. |
| 2 | Күнді таңдаңыз. |
| 3 | Кескіндер бар күндер белгішелермен көрсетіледі. Экранды көру үшін кескіндер бар бір күнді таңдаңыз. |
| 4 | Отбасылық күнделік экранын ашыңыз. |
| 5 | Алдын-ала көру немесе Толық экран опциясын таңдаңыз. |
| 6 | Суретті немесе жазуды осы жерге енгізіңіз. |


## Gallery (Галерея) опциясын пайдалану

Бұл — Sketchbook (Альбом), Photo Editor (Фотосурет өңдегіші), Internet (Интернет) және My office (Менің офисім) опцияларын пайдаланып, жасаған және сақтаған кескіндер галереясы.

1 **Gallery (Галерея)** опциясын таңдау үшін, экранды сенсорлық қаламмен түртіңіз.

2 Қаламсаппен экранды түрту арқылы қажетті опцияны таңдап, Галерея экранын тамашалаңыз.





| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | Pentouch бастапқы мәзіріне кіру |
| 2 | Ашық тұрған беттегі суреттен бастап слайд-шоу көрсету.<br>Слайд-шоуды тоқтату үшін, көрсетіліп жатқанда қаламсаппен экранды түртіңіз.<br>Бұл әрекет алдыңғы экранға қайтарады. |
| 3 | Бет түймесі: олардың көмегімен алдыңғы немесе келесі бетке өтіңіз. |
| 4 | Бет ішінде жылжуға арналған айналдыру жолағы |
| 5 | Галерея тізіміне кіру |
| 6 | Таңдалғанда, ағымдағы кескін жойылып, келесісі көрсетіледі. |


# Internet (Интернет) опциясын пайдалану

Веб мазмұнын алып, оған сурет салуға немесе жазбалар жазуға болады.

1 **Интернет** опциясын таңдау үшін, экранды қаламсаппен түртіңіз.

2 Қаламсаппен экранды түрту арқылы қажетті опцияны таңдаңыз немесе құралдар тақтасын пайдаланып сурет салыңыз.




| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | Pentouch бастапқы мәзіріне кіреді. |
| 2 | ТД-дан қалам белгішесін таңдасаңыз, сурет салу режимі қосылады.<br>Сурет салу режимінде болғанда, виртуалды пернетақта жасырын тұрады. |
| 3 | Виртуалды пернетақта қойындысы: Мәтін енгізу.<br>Пернетақтаны экранға шығару үшін, виртуалды пернетақта қойындысын таңдаңыз.<br>Кейбір амалдық жүйелер үшін екі виртуалды пернетақта көрсетілуі мүмкін. |
| 4 | Алдыңғы деңгейге қайтарады.<br>Сурет салу режимінен шыққанда суреттер жойылады. |

# Менің кеңсем функциясын пайдалану

Microsoft Office немесе PDF файлдарында сурет салуға немесе жазуға болады.

- Компьютерге Microsoft Office және PDF файлдарын қолдайтын қолданбаларды орнату керек.
- Қолдауы бар қалталар мен пішімдер терезеде көрсетіледі.


Қолдау көрсетілетін файл пішімі


| Түр | Қолдау көрсетілетін файл пішімі |
|---|---|
| Office файлдары | 2003 нұсқасының ppt, doc, xls файлдары<br>2007 нұсқасының pptx, docx, xlsx файлдары<br>Барлық Microsoft PowerPoint файлдары (*.ppt, .pptx)<br>Барлық Microsoft Word файлдары (*.doc, .docx)<br>Барлық Microsoft Excel файлдары (*.xls, .xlsx)<br>Outlook деректер файлдары (*.msg, *.eml) |
| PDF файлдары | Adobe PDF файлдары (*.pdf) |

1 **Менің кеңсем** опциясын таңдау үшін, экранды қаламсаппен түртіңіз.

2 Қаламсаппен экранды түртіп, Ашу қалқымалы терезесінен ашу керек файлды таңдаңыз.

3 Қаламсаппен экранды түрту арқылы қажетті опцияны таңдаңыз немесе құралдар тақтасын пайдаланыңыз.




| № | Сипаттама |
|---|---|
| 1 | Pentouch бастапқы мәзіріне кіреді. |
| 2 | ТД-дан қалам белгішесін таңдасаңыз, сурет салу режимі қосылады.<br>Сурет салу режимінде болғанда, виртуалды пернетақта жасырын тұрады. |
| 3 | Виртуалды пернетақта қойындысы: Мәтін енгізу.<br>Пернетақтаны экранға шығару үшін, виртуалды пернетақта қойындысын таңдаңыз.<br>Кейбір амалдық жүйелер үшін екі виртуалды пернетақта көрсетілуі мүмкін. |
| 4 | ТД-дан тінтуір белгішесін таңдасаңыз, басу режимі қосылады.<br>Сурет салу режимінен шыққанда суреттер жойылады. |

ҚАЗАҚША

# ЖЕЛІ ПАРАМЕТРІ


## Сымды желіге қосылу

*Жергілікті желіні тек HD MHEG пішімін қолдайтын елдерге қолдануға болады.

Теледидарды жергілікті желіге (LAN) LAN порты арқылы келесі суретте көрсетілгендей қосыңыз және желі параметрлерін орнатыңыз. (81-бетті қараңыз).

Жалғағаннан кейін үй желілерінің кейбіреулері теледидар желілер параметрлерінің реттелуін сұрауы мүмкін. Үй желілерінің көпшілігі үшін ТД ешбір баптауларсыз автоматты түрде қосылады.

Қосымша мәлімет алу үшін интернет провайдеріне хабарласыңыз немесе маршрутизатор нұсқаулығын қараңыз.




ЕСКЕРТУ

- Модульдік телефон кабелін LAN портына жалғамаңыз.
- Байланыстың құрудың түрлі әдісі болғаннан кейін телекоммуникация қызметі көрсетушісінің немесе интернет қызметі провайдерінің нұсқауларын орындаңыз.

Желі параметрлерін орнату үшін: (тіпті ТД автоматты түрде қосылған болса да, орнату шеберін қайта іске қосу ештеңені зақымдамайды).

1 Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер)** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Жылжу түймелерінің көмегімен** ЖЕЛІ **бөліміне өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерінің көмегімен **Желі параметрі** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

5 Егер сымды және сымсыз желілер бір уақытта қосылған болса, жылжу түймелерінің көмегімен **Сымды** желіні таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Желі параметрі бұрыннан реттелген болса, **Resetting (Қайта реттеу)** пәрменін таңдаңыз. Жаңа байланыс параметрлері ағымдағы желі параметрлерін қалпына келтіреді.

7 **IP авто параметрі** немесе **IP қолмен параметрі** параметрін таңдаңыз.
- Егер **IP қолмен параметрін** таңдасаңыз, шарлау және сандық түймелерін басыңыз. IP мекенжайларын қолмен енгізу қажет болады.
- **IP авто параметрі**: сымды байланыс арқылы істеп тұрған жергілікті желіде DHCP сервері (маршрутизатор) болса, осы параметрді таңдаңыз. Теледидар автоматты түрде IP мекенжайын табады. DHCP (Басты компьютерді реттеудің динамикалық протоколы) сервері функциясы бар кең жолақты желі маршрутизаторын немесе модемін қолданған жағдайда. IP мекенжайы автоматты түрде анықталады.

8 Аяқтағанда **EXIT** («Шығу») түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Теледидарда интернетке тікелей қосылғыңыз келсе, интернетке жалғану мүмкіндігі әрдайым қосулы болуы қажет.
- Интернетке қосыла алмасаңыз, желідегі компьютерден желі шарттарын тексеріңіз.
- Желі параметрі **пәрмені қолданылғанда,**, LAN кабелін немесе рутердегі DHCP қосулы тұрғандығын тексеріңіз.
- Желі параметрлерін реттеуді аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Желі параметрлерін орнату жайлы ескертулер

- Бұл теледидармен стандартты LAN кабелін қолданыңыз. RJ45 ұшы бар Cat5 немесе одан жақсысын пайдаланыңыз.
- Реттеу барысында орын алатын көптеген желі байланысының ақауларын маршрутизаторды немесе модемді сөндіріп және қайта қосып, жоюға болады. Ойнатқышты үй желісіне жалғағаннан кейін қуатты жылдам өшіріңіз және / немесе үй желісі маршрутизаторының немесе сымды модемнің қуат сымын ажыратыңыз. Одан кейін қуатты қосыңыз және / немесе қуат сымын қайта жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне қарай интернет қызметін қабылдайтын құрылғылар саны тиісті қызмет шарттарымен шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- LG компаниясы байланыс қателеріне / кең жолақты желінің интернет байланысына және жалғанған басқа жабдықтарға қатысты ақаулардан пайда болатын теледидардың және / немесе интернет байланысы функциясының ақауларына жауапты болмайды.
- LG компаниясы интернет байланысындағы ақауларға жауапты болмайды.
- Желі байланысы арқылы қолжетімді болатын кейбір мазмұн түрлері теледидармен үйлесімді болмауы мүмкін. Бұндай мазмұн туралы сұрақ туындайтын болса, мазмұнның өндірушісіне хабарласыңыз.
- Желі байланысының жылдамдығы қолданыстағы мазмұнның талаптарына сай болмаса, орынсыз нәтижелер туындауы мүмкін.
- Кейбір интернетке қосылу әрекеттері кең жолақты желі интернет байланысын қамтамасыз ететін интернет провайдері орнатқан белгілі шектеулерге байланысты жасалмауы мүмкін.
- Интернет провайдері алатын кез келген ақыны, соның ішінде және ешбір шектеусіз, байланыс ақысын сіз төлейсіз.
- Осы теледидарға қосылу үшін 10 Base-T немесе 100 Base-TX LAN порты қажет. Интернет қызметі бұндай байланысты рұқсат етпесе, теледидарды жалғау мүмкін болмайды.
- DSL қызметін қолдану үшін DSL модемі, ал кабельді модем қызметін пайдалану үшін кабельді модем қажет. Интернет провайдерінің кіру әдісіне және онымен жасалған жазылушы келісім-шартына қарай осы теледидардағы интернет байланысы мүмкіндігі қолжетімсіз болуы немесе бір уақытта жалғанатын құрылғылар саны шектелуі мүмкін. (Интернет провайдері жазылымды бір құрылғыға шектейтін болса, компьютер жалғанған уақытта теледидарды жалғауға рұқсат етілмеуі мүмкін.)
- «Маршрутизатордың» пайдалануы рұқсат етілмеуі мүмкін немесе интернет провайдерінің саясатына және шектеулеріне байланысты оның қолданысы шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет үшін интернет қызметінің провайдеріне тікелей хабарласыңыз.

## Желі күйі


1. Негізгі мәзірлерге өту үшін, **SETTINGS (Параметрлер)** түймесін басыңыз.
2. Жылжу түймелерінің көмегімен **ЖЕЛІ** бөліміне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3. **Желі күйі** тармағын таңдау үшін жылжу түймелерін басыңыз.
4. Желі күйін тексеру үшін **OK** түймесін басыңыз.
5. Аяқтағаннан кейін, **EXIT (Шығу)** түймесін басыңыз.

| Опция | Сипаттама |
|---|---|
| **Параметр** | Желіні реттеу мәзіріне оралыңыз. |
| **Тексеру** | Желіні реттегеннен кейін ағымдағы желі күйін тексеріңіз. |
| **Close (Жабу)** | Алдыңғы мәзірге қайтыңыз. |

# ОЙЫН-САУЫҚ

## USB жад құрылғысын қосу

USB флэш жады, сыртқы қатты диск сияқты USB сақтау құрылғыларын ТД-ға жалғап, мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланыңыз (««Файлдарды шолу», беті:58» бөлімін қараңыз). USB флэш жадын немесе USB жад картасын оқу құрылғысын теледидарға төмендегі суретте көрсетілгендей етіп қосыңыз. Менің медиа экраным пайда болады.




USB жад құрылғысын ажырату үшін теледидар немесе файлдарға зақым келмеуі үшін қосылымды дұрыс аяқтаңыз.

1. Жылдам өту мәзірлеріне қол жеткізу үшін **Q.MENU (Жылдам мәзір**) түймесін басыңыз.
2. Жылжу түймелерінің көмегімен **USB құрылғысы** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3. Жылжу тұймелерінің көмегімен **Eject (Шығару)** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
4. USB жад құрылғысын шығаруға болатынын хабарлайтын хабар шыққаннан кейін ғана ажыратыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

- USB жад құрылғысы теледидарға қосулы кезде теледидарды өшірмеңіз немесе USB жад құрылғысын алып тастамаңыз, ол файлдардың жоғалуына немесе USB жад құрылғысының бұзылуына себеп болады.
- USB жад құрылғысына сақталған файлдардың көшірмесін жиі жасап тұрыңыз, файлдарды жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін, олар кепілдікте қамтылмаған.

### USB жад құрылғыларын пайдалану туралы кеңестер

- Тек USB жад құрылғысы танылады.
- USB жад құрылғысы USB хабы арқылы жалғанған болса, құрылғы танылмайды.
- Автоматты түрде тану бағдарламасын пайдаланатын USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Өз драйверін қолданатын USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- USB жад құрылғысының тану жылдамдығы әр құрылғыға қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Жалғанған USB жад құрылғысы жұмыс істеп тұрғанда, теледидарды өшірмеңіз немесе USB құрылғысын ажыратпаңыз. Бұндай құрылғы кенет ажыратылғанда, сақталған файлдар немесе USB жад құрылғысы зақымдануы мүмкін.
- Компьютерде жасанды түрде басқарылған USB жад құрылғысын жалғамаңыз. Құрылғы өнімнің бұзылуына апаруы немесе ойнатылмауы мүмкін. Қалыпты музыкалық файлдары, сурет файлдары немесе фильм файлдары бар USB жад құрылғысын қолданыңыз.
- Windows амалдық жүйесімен берілген FAT32, NTFS файлдық жүйелері түрінде пішімделген USB жад құрылғысын ғана пайдаланыңыз. Сақтау құрылғысы Windows жүйесі қолдамайтын басқа бір утилиталық бағдарлама түрінде пішімделген жағдайда, ол танылмауы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB жад құрылғысына (0,5 A-ден артық) қуат беріңіз. Әйтпесе, құрылғы танылмауы мүмкін.
- USB жад құрылғысын құрылғының өндірушісі ұсынған кабельмен жалғаңыз.
- Кейбір USB жад құрылғыларына қолдау көрсетілмейді немесе оларды кедергісіз істету мүмкін болмайды.
- USB жад құрылғысының файлды туралау әдісі Window XP жүйесінікіне ұқсас және файл атауы 100 ағылшын тілінің таңбаларын таниды.
- USB жад құрылғысында сақталған деректердің зақымдану қаупі бар болғандықтан, маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасауды ұмытпаңыз. Кез келген деректердің жоғалуына жауапты болмаймыз.

- USB HDD жетегінің сыртқы қуат көзі болмаса, USB құрылғысы анықталмауы мүмкін. Сондықтан, сыртқы қуат көзін жалғауды ұмытпаңыз.
